Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
**Мағжан**



# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 52 (433) 30 желтоқсан, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

## ЕРІКТІЛІК ЕРЛІКПЕН ТЕҢ



**Қысылған шақта халыққа көмек қолын созған еріктілердің қолдауы ерлікке пара-пар. Әсіресе, айналадағы оқиғаға бей-жай қарамайтын жастардың мұндай жәрдемі пандемия кезінде ерекше сезілгені анық. Ауруханаға оттегі баллондарын тасу, қоғамдық орында бетперде тарату, сақтық шарасына үндеу секілді маңызды қадамды қалтқысыз орындады. Содан болар, бүгінде көмекке мұхтаж жан болса, алдымен еріктілер көмек беруге талпынады. Тіпті, үйсізге үй сыйлаған, науқасқа қаражат жинаған белсенді азаматтар туралы көп естиміз. Сондай жанашыр жастың бірі – қазалылық Талап Олжабек.**

Биыл ерікті «Жыл волонтері» облыстық сыйлығының «Тарихи-мәдени мұраларды сақтауға және дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясын жеңіп алды. Үздіктер қатарынан көрінген Талап сыйлықпен қатар 100 мың теңге қаржылай степендия иегері де атанды.

Қайырымдылығымен ауданға ғана емес, аймақ көлеміне танылған жомарт жан қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға жәрдемдесуде жастардың назарын аударып келеді. Бұған дейін ол Қазалы ауданы Өркендеу ауылының тұрғындарынан құралған «Жанкент жастар» ұйымына басшылық жасап, жыл бойы әлеуметтік көмек беруге бағытталған түрлі бастамаларға жетекшілік жасады. Тіпті, биыл Жанкент ауылының ерікті жастарын ұйымдастырып, жалғызбасты көпбалалы анаға тұрғын үй салу ісі қолға алынған болатын. Осы аралықта іргетасы қаланып, тұрғын үйдің кірпіші өріліп, бастамашыл жасқа көп сүйсініп үлгерді. Бүгінде аталған баспананың шатырын салу, есік-терезесін орнату жалғасуда.

– Еріктілік – әрбір азаматтың борышы. Мен үшін өмірлік жолым мен бастамаларыма әсер еткен осы ұстаным қадірлі. Оған қоса еріктіліктің қоғамға тигізер пайдасын терең түсінуіме жол ашқан Еркебұлан Меңлібаев, Жасұлан Алдабергенов сынды азаматтардың үлесі зор. Сол азаматтармен етене араласып, ой алмасу арқылы көпті түйдім. Нәтижесінде көрген, білген тәжірибені ауыл жастарымен бөлісу мақсатында елге қайтып, 2012 жылы аудандағы түрлі жастар ұйымымен белсенді араласуға мүмкіндік туды. Кейіннен жинаған іс-тәжірибеге сүйеніп, Өркендеу ауылдық қоғамдық жастар ұйымының төрағасы болып сайландым.

Алдымен ауыл жастарының басын қосып, қоғамдық шара, мәдени кештер өткізу арқылы жастар саясат мәселесін дамытуды көздегенім жасырын емес. Ойға алған бастамаларым сәтті шығып, жыл өтпей, Өркендеу ауылдық округі әкімі аппаратында «Жастар тәжірибесі» бойынша көмекші маман болып жұмысқа қабалдандым. Осының бәрі бүгінгі жетістігіме жетелеген қадамдар, – дейді ерікті.

Талап Алтынбекұлы бастаған «Жанкент жастар» ұйымы көптеген толымды тірліктің басы-қасында жүр. Мәселен, «Birge – taza Qazaqstan» акциясы аясында ұйым мүшелері жыл бойы Жанкент қалашығына тазалық жұмысын жүргізіп келеді. Оған қоса тұрмысы төмен отбасыларға қыстық отын жеткізу, ардагерлер мен зейнеткерлерге көмек көрсету, ауыл арасындағы мерекелік шаралар ұйымдастыруды да дәстүрге айналдырған. Жалпы биыл «Жанкент жастар» ұйымы мен ауыл еріктілері тұрмысы төмен отбасыларға 1 миллион 400 мың көлемінде қолдау көрсеткен.

Ұйым жастарының тағы бір ерлігі – құрғақшылықтан зардап шеккен халыққа болысқан ниеті. Қуаңшылық салдарынан қысқы жем-шөп қамдауға қауқарсыз тұрғындарға көмек көрсету үшін белсенді әрекет жүргізген. Осы мақсатта Талап Олжабек аудан көлемінде өткен «Шөп ору» сайысына қатысып, жастарға үлгі көрсете білді.

Жалпы облыстағы еріктілердің жәрдемімен біткен істің қатары мол. Әр ауданда жастардан құралған ұйымдар волонтерлік бастамаға белсенді араласып, қоғамдық жұмысты тыңғылықты атқаруда. Мәселен, Жаңақорған ауданындағы «Жаңарған Жаңақорған жастары» атты қоғамдық қор бар. Осы ұйым жастары жыл сайын бірлесіп баспана салып, оның кілтін мұқтаждарға табыстауды дәстүрге айналдырған. Биыл да асар әдісімен алтыншы баспана құрылысына кірісіп, оны бір ай ішінде толық аяқтады. Жастар ұйғарымымен бұл үй мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыға табысталған еді. Осындай игілікті істің ұйытқысы болып жүрген жастарға аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова да ризашылығын білдіріп, «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық акциясы аясында «Ең қайырымды ұйым» номинациясын табыстаған.

Сондай-ақ елде қуаңшылық орын алған тұста 24 жастағы Құрмет Талапқазының бастамасымен еріктілер ерлік көрсеткен еді. Сырбойылық жастар Құрметтің бұл үндеуіне үлес қосып, құрғақшылықтан зардап шеккен Арал ауданының шаруаларына қолдау көрсету мақсатында «Жастардан жәрдем» акциясын қолға алды. Жастар ауыл-аймақтардағы қызу тірлікке етене араласып, үлгі көрсете білді.

Жалағаш ауданындағы студент жастардың да ерікті болуға құлшынысы артып, көмекке мұқтаж отбасыларға қол ұшын созу ісі жалғасуда. Кәсіпкерлер мен жомарт жандарды игі іске жұмылдыру арқылы «Бір жылда бір баспана» атауымен ерікті жастар қоры құрылды. Қол ұшын созамын дегендерге әлеуметтік желі арқылы арнайы дайындалған реквизиттер көрсетіліп, қайырымды іске керекті қаражат жиналған. Осы жұмыстың кезекті нәтижесі – Тағынбаевтар отбасының баспаналы болуы. Арнайы осы іске қол ұшын созған кәсіпкерлер, ерікті жастардың ерлікке толы қадамын барша жұрт сүйсіне тамашалаған еді.

Бүгінде аймақтағы еріктілер тобының осы тектес жұмысы жалғасуда. Бастамаға қосылған азаматтардың басым дені жастар болғанымен, игі іске ересектер де атсалысып келеді. Еріктілер өздерінің күнделікті жұмысынан босай қалған шақта мұқтаж отбасыларға азық-түлік жеткізу, зейнеткерлерге дәрі-дәрмек апару секілді қызмет атқарады. Сондықтан еріктілік адалдық пен шынайылықты талап ететін ерекше әрекет деуге толық негіз бар.



**Берен ШАҒЫРОВ**

## Қолыңызда – 433-ші нөмір

**Жаңа жылға қалғаны бір күн. 433-ші нөмірді жарыққа шығаруға қамданып отырғанда артта қалған 364 күнге есеп берудің сәті жеткенін аңдамай да қалыппыз.**

Бұл уақытта «Жастар газеті не атқарды, алдағы жоспар қандай?» деген сауалдарға тоқталар болсақ, шағын ғана ұжым, журналистиканың жаңа толқыны оқырман жүрегіне күн сайын жол табу жолында ізденіс үстінде. Әрі әдебиет пен өнер, тарих пен тіл, бір сөзбен айтқанда, руханият мәселесін ұдайы көтеріп, желікпеге салынбау, арзан дақпырт қумау деген секілді аға буын өкілі қалыптастырған дәстүрді жалғауды басты мақсат етіп келеді. Бұл ретте айта кетейік, біз бәріміз де газет бетінен қате кетпесе, ішінде іліп аларлық дүние болса, жұрт оқыса дейміз. Өзгелер жаза білсең болды деуі мүмкін. Алайда олар адамның ақпарат жинап, табанынан таусылатынын айтпағанда, бір орында тыпыршып отыра алмай кететінін, ойдың адамды жеп қоятынын сезбейді де.

Әріптестер білер, нөмір шығарар алдындағы қарбаласты айтып жеткізу мүмкін емес. Мақала жазылады. Оқылады. Тексеріледі. Түзеледі. Теріледі. Тазартылады. Оқылады. Тағы түзеледі. Тағы оқылады. Қол қойылады. Нөмір жоспарланады, макеттеледі. Мақалалар бетке түседі. Оны кезекші редактор оқиды. Тағы түзеледі. Бұл – күнделікті көз майын таусатын жұмыс үдерісі. Жылжабар нөмір де дәл осылай «өліп-тірілумен» шықты.

Оған қоса басшылық қазір жеделдік мәселесіне жіті көңіл бөлуде. Тың талаптың көрінетін тұсы – интернет-редакцияның қызметі. Бүгінде газеттің сайты аптасына жеті күн жұмыс істейді. Сенбі, жексенбіде болған оқиға, жарқ еткен жаңалық міндетті түрде сайтқа салынып отырады. Сонымен қатар видеокөрсетілімдерді де тамашалап, жаңалықтардың аудио нұсқасын тыңдауға мүмкіндік қарастырылған. Сайттың өзіндік контенті қалыптасқан, оны аптасына мыңдаған адам оқиды. Осыған қарап, ел өмірінен, жастардың көңілінен орын алып келіп жатқан жастар басылымы дұрыс жолда деп айта аламыз. Ол – сүттей ұйыған, жастардың шығармашылық шоғырын қалыптастыра білген ұжымның еңбегі.

Халықтың тілі һәм көзіне айналған газеттің беделі бұдан кейін де арта түседі деген сенімдеміз. Алдағы Барыс жылында да Сіздің бізді таңдап, біздің газетке жазылды деген үмітіміз бар. Келер жылға жоспарымыз дайын, оның ішінде кәдеңізге жарайтын дүниелер болады. Өздеріңізден де хат-хабар күтеміз! Жаңа 2022 жыл баршамызға жақсылығымен келсін!

**Мөлдір СНАДИН**

## «МАҚСАТ – ҮЗДІК БОЛУ ЕМЕС»



**«Заманның қожасы да, тұтқасы да – жастар» дейді Шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев. Ел болашағын бүгінгі буынның мақсат-мүддесіне, іс-әрекетіне қарап болжауға болар. Осы орайда қызылордалықтардың арасында үздіксіз ізденіс үстінде жүретін жастардың шоғыры қалыптасқан деп айта аламыз. Осы аптада олардың барлығы «Сыр үміті» жастар қауымдастығының жылдық қорытынды кешінде, «Jastar Baly – 2021» шарасында бас қосты.**

Арнайы кеште дәстүрлі «Ай үздігі» номинациясынан бөлек, «Жыл үздігі» иегерлері анықталды. Сонымен қатар алыс сапарға шықса, жанын шүберекке түйіп, баласының тілеуін тілейтін ақ жүректі ата-аналар қауымына да арнайы мерекелік құттықтау әзірленді. Әр белсендінің қабілетіне сай жеке-жеке номинация беріліп, келген қонақтар ризашылығы мен ақ батасын жаудыра түсті.

Әсем ән әуелеген кеш ұлттық аспаптағы күй тартыс, жайдарманшылардың шуақты бағдарламасымен жалғасын тапты. Зілсіз әзіл көрерменге риясыз күлкі сыйлады. Шарада барлық сала бойынша үздіктер анықталды. Соның ішінде «Үздік серіктес – 2021» номинациясына Талғат Меңдібайұлының «Кітап құрттары» жобасы лайық деп танылса, Сағатбек Қуанышбайұлы төрағалық ететін «Жылы жүрек» бірлестігі де осы қатардан табылды. Жастар арасында ерекше бағытқа бет бұрған, «Inno Fest» инновациялық идеялар фестивалінің II орын иегеріРаушанбек Бейбарыс – Ғылыми ізденіс» номинациясы бойынша жыл үздігі. Ал «Шебер жас» номинациясы бойынша жыл үздігі аталымын эковолонтер, өнертапқыш София Темірболат еншіледі.

«Тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге келген жастардың бойында бәсекеге қабілеттілік, заманауи әдіспен жаңа дүниелерге ұмтылу бар. Әрқайсысының қоғамда болып жатқан жағдайға өзіндік көзқарасы қалыптасқан. Сондықтан жастарды қолдау «Жастар жылымен» ғана аяқталып қалмай, жыл сайын үзілмей жалғасып келе жатқанына қуаныштымын. Дәл бүгінгідей шарада өз саласының үздіктерін көріп, одан әрі шабыттана түстік. Аға буынның бізге, біздің бір-бірімізге сенім артып, қолдай білуіміз шынымен маңызды. Мұндағы мақсат тек үздік болу емес, қоғам үшін пайдалы дүние жасау, білімді, зияткер ұрпақ екенімізді дәлелдеу» – деді ол.

Айта кету керек, Сыр өңірінде жас кәсіпкер, меценат, облыстық мәслихат депутаты Мағжан Ералиевтың бастамасымен «Сыр үміті» жастар қауымдастығы өткен жылдың қаңтар айында құрылып, жұмысын белсенді түрде бастап кетті. Қауымдастықтың негізгі мақсаты – аймақтағы мемлекеттік жастар саясатының табысты жүзеге асуына үлес қосу, білім мен ғылымға құштар, шығармашыл, ерікті және белсенді жастарды қолдау. Мағжан Абзалұлының айтуынша, қауымдастық жыл басынан бері аймақ жастарының сұранысына сай түрлі форматта 50 шара ұйымдастырған. Оған 3000-ға жуық жас қатысты. «Арман ағашы», «Жігер», «Syr umiti Smart», «Білім quest», «Green orda», «Q vine», «Сүйікті қалам Қызылорда!» секілді жобалар табысты жүзеге асып келеді. Жастардың интеллектуалды білімін арттыруда қауымдастық ауқымды жұмыс атқарылуда. «Кітап құрттарымен» бірлесе «КиноТайм», «Кино Эстафета», «Идея күні», «Q vine фест», «Білім квест»,«Сыр үміті смарт» шаралары мен сайыстары ұйымдастырылды. Мұнымен қоса Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қызылорда қаласында 200-ге жуық және Түркістан, Жамбыл облысы жастарының қатысуымен «Aqyl Battle» республикалық интеллектуалды сайысы өткізілген.

Аталған қауымдастықтың жылдық жоспары бойынша ұлт руханияты да назардан тыс қалған емес. Мағжан Абзалұлының демеушілігімен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында «Алтын домбыра» айтыс орталығының ашылуы ерекше жаңалық десек жарасады. Биыл тұңғыш рет жас журналистерді қолдау мақсатында «Сырлы қалам» арнайы сыйлығы жарияланып, қаламы қарымды, қоғамдағы мәселелердің түйінін тап басатын журналистер арасынан үздіктердің алғашқы легі анықталды. Мұндай жобалар әрі қарай да жалғасын тауып, жыл сайын жаңа толқынды тануға, елге таныстырып, еңбегін қолдауға бағытталған идеялар көші алға жылжымақ.

**Дина БӨКЕБАЙ**

7 КҮН ЖЕЛІСІ

# БАСТЫ МАҚСАТ – ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ



**Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахметтің төрағалығымен аймақтағы жастар саясаты мәселелері бойынша мәжіліс өтті. Жиында аймақ бойынша NEET санатындағы жастар және Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарын бітірген қызылордалық түлектерді жұмыспен қамту бағытында атқарылған жұмыстар күн тәртібіне шықты.**

Кеңесте «Облыстық жастар ресурстық орталығының» директоры Асқар Құрмаш, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Жанар Берденова атқарылып жатқан ауқымды шаралар бойынша баяндама жасады.

«Қараша айы NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау айы ретінде белгіленген болатын. Облыстық ішкі саясат басқармасы, барлық деңгейдегі «Жастар ресурстық орталықтары» жергілікті әкімдіктер, салалық құрылымдармен бірлесіп, 1-12 қараша аралығында қала, аудандар бойынша адрестік жұмыстар жүргіздік. Жас мамандардан бірнеше мобильді топ құрып, қала, кент және ауылдық округтерді аралап, сауалнама алынды. Облыс жастарының 38,3 пайызы қамтылды», – деді Асқар Құрмаш.

Сондай-ақ Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарын бітірген қызылордалық 26 түлекті жұмыспен қамту мәселесі де қозғалды. Мәліметке сүйенсек, қазір оның 20-сы тұрақты жұмыспен қамтылған. 1 ақпанға дейін қала, аудан бойынша NEET санатындағы жастарды толықтай анықтау, 2021-2022 жылы оқуын аяқтайтын түлектерді жұмыспен қамту бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу көзделуде.

# ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ – МІНДЕТ

**Еліміздің тәуелсіздік алып, еңселі ел болғанына 30 жыл. Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында аз ғана уақыт ішінде қыруар жұмыстар атқарылып, еліміз бүкіл әлемдік деңгейге көтерілді. Атқарылып жатқан жұмыстардың қатарында мемлекетіміздің күш-қуатын арттыруды мақсат еткен іс-шараларды ерекше атауға болады.**



Соның бірі – еліміздің ішкі тәртібін күшейту мақсатында қолға алынған сыбайлас жемқорлықты болдырмау шаралары. Бүкіл әлемдік тәжірибелерге сүйеніп, бұл жұмыс дереу қолға алынды және аз уақыттың ішінде өзінің нәтижесін көрсетуде.

Әйтсе де,қоғам бойына құрт боп түскен сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу әзірше мүмкін болмай тұр.Ел ертеңі үшін жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл ретте Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Әрбір мемлекеттік қызметшінің өзіне бекітілген қызмет міндетін мүлтіксіз орындауы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға негіз болады және сыбайлас жемқорлық сипатындағы көріністерге қарсы тұрғанда ғана біз оны жеңе аламыз.

**Алмас РҮСТЕМОВ,**
**Қазынашылық департаментінің бөлім басшысы**



# ЕЛОРДАДАН КЕЛГЕН ЖЕҢІМПАЗ

**Нұр-Сұлтан қаласында Білім және ғылым министрлігі мен «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен өткен республика колледждерінің «100 топ студент» жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.**

Қуантарлығы, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі республикалық жоба жеңімпаздарының қатарында бар. «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдығы» мамандығының ІІІ курс студенті Сандуғаш Абдуллаева мен жетекшісі, «Құрылыс» мамандығының арнайы пән оқытушысы Нұр Меңліқұлов марапаттау салтанатына қатысып қайтты. 100 жеңімпаз-студент үшін жеке және кәсіптік өсу бағдарламаларын іске асыратын тренер-коучтарды тарта отырып, шеберлік сыныптары, тренингтер ұйымдастырылды.

Мерейлі мереке – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай бұл ұжым үшін керемет тарту, студенттер үшін жарқын серпіліс болып отыр. Колледж директоры Бахытхан Әбдікәрімов те жүлдегерлерді арнайы құттықтап, болашақта да биік белестерден көріне беретініне сенім артып, толағай табыс тілейді.

**Н.МАШАРАПҰЛЫ,**
**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы**

# ТЫНЫМСЫЗ ІЗДЕНІС КЕРЕК



**Қазіргі таңда куратордың алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны білімнің шыңына шығару. Әр оқушының қабілетін дамытып, жеке тұлға дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл педагогикалық қызметке басымдық таныту қажет. Осы орайда Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатында кешенді оқу мен тәрбие негіздерімен оқыту жан-жақты тиімді қарастырылған.**

7 сынып оқушыларын нақты бағыт алуға, 8 сыныпты тереңдетіп оқытуға, 9 сынып оқушыларын нақты пәндер негізінде бағдаралды білім қалыптастыруына, 10 сыныптарда мамандыққа сай шығармашылық ізденіс қабілетін дамыту жұмыстарын жүйелеп, ал 11 сыныпта алған білімін көтеру, яғни таңдаған мамандығы бойынша жоғары оқу орнына түсуге дайындық жұмысын жүргізуіне маңыз берілуде.

Мектепте өз ісінің маманы, ізденімпаз куратордың шығармашылық жұмыстарға да назар аударуы республикалық, облыстық сайыстарда жоғары нәтиже береді. Ал ол әрбір оқушының өмірде өз қажеттіліктіліктерін анықтай алатын, функционалды сауатты, бәсекеге қабілетті саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етері анық.

**Сәуле БЕКЖАНОВА,**
**Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатының 10 сынып кураторы**

**Бүгінгі таңда мұғалімдердің тек сабақ беріп, дәріс берумен шектелуі шәкіртті қанағаттандыра алмайды. Ұстаз өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен қоса сол ортада көшбасшы бола білу керек. Сабақтан тыс уақытта түрлі пәндік білім бәйгелеріне дайындап, оқушының озат қырын ашуда ұстаздың орны ерек.**

# МЕКТЕП МАҚТАНЫШТАРЫ



Биылғы оқу жылында мектеп оқушылары арасында абыройымызды асырып, жетістік төрінен табылған шәкірттер аз емес. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша XIV Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңінде бақ сынаған 10 оқушының тең жартысы республикалық кезеңге жолдама алды. Қорытынды кезеңде Сыр елінің намысын жықпаған 2 оқушы жүлделі ІІ орын, күміс медаль иегері атанды. Олар – Нұрдәулет Бергенбекұлы мен Нұрлыхан Қақпан. «Ең үздік олимпиадалық мектеп-2021» номинациясы бойынша жүлделі ІІІ орынды қанжығасына байлаған қаладағы Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернаты Сыр елінің мерейін тасытуда.

**НАЗЕРКЕ ШАКИЕВА,**
**Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатының 11 сынып кураторы**

# ЖЕРЛЕСТЕР – ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ

**Ұлттық арнада мыңдаған көрерменнің сенбі сайын күтетін сүйікті бағдарламасына айналған «Қазақстан дауысы» байқауының финалдық кезеңі өтті. Аталған жобаға 6 мыңнан астам адам қатысуға ниет білдірсе, соның ішінен 200-ге жуығы шақырту алған. Байқау барысында өнерін ортаға салғандардың қатарында Украина, Қырғызстан, Грузия, Қытай елдерінен келіп бақ сынағандар да жетерлік.**



Түрлі деңгейде бой көрсеткен қатысушылардың өнерін төрт тәлімгер – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Майра Мұхамедқызы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері, ҚР мәдениет қайраткері Сәкен Майғазиев, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Маржан Арапбаева, халықаралық конкурстардың лауреаты Батырхан Мәлік сараптап, өз командасына жинады. Ал қатысушылар тәлімгерді өзі таңдады. Сонымен бірге төрт тәлімгер өз тобындағы бақ сынаушыларды әр кезең бойынша бағалап, іріктеуден өткізуі тиіс.

Шарт бойынша соңғы кезеңде жеңімпазды қарапайым халық, көрермен қауым СМС дауыс беру арқылы анықтайды. Нәтижесінде қызылордалық он сегіз жасар әнші Құралай Мейрамбек «Қазақстан дауысы» атанып, 5 миллион теңге ақшалай жүлдеге ие болды. Айта кету керек, жобада Құралайға қазақ эстрадасының белгілі әншісі Сәкен Майғазиев тәлімгерлік жасады.



«Жаңа ғана Құралай Мейрамбек «Қазақстан дауысы» жобасының 2021 жылғы жеңімпазы атанды. Роза Бағланова, Мәдина Ералиева, Жеңіс Ысқақовадай күміс көмей, алтын дауыс әнші апаларының ізін жалғастырып келе жатқан Құралай қызымызды Сыр жұртшылығы атынан қуана құттықтаймыз!», – деп жазды облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өз парақшасында.

«Өнерге деген махаббатым 5 жасымнан басталды. Алғашқы күні«Қорқыт қобыз» әнін өзгеше бағытта орындап, келесі кезеңге өттім. Таңдауыма тоқталсақ, Сыр елінде туып, өскеннен кейін дәл осы әнді байқауда орындағым келді. Көпшіліктің көңілінен шығып жатқанына қуаныштымын. Қолдау мен халықтың жылы пікірлерінің арқасында осы додадан жеңіп шығатыныма сенімдімін», – деп жазған еді жас әнші Құралай Мейрамбекқызы. «Сыр елінің сандуғашы» атанып үлгерген арудың жеңісі өнеріне берілген шынайы баға деп білеміз.

Финалған дейін жетіп, үздік үштікті қорытындылаған тағы бір қызылордалық жас талант – Ернар Амандық. Арал ауданы Қызылжар елді мекенінің тумасының ән өнеріне келуіне себепкер болған әкесі – аудан, облыс көлемінде есімі елге танымал Амандық Жүгінісов. «Орта Азия аруының» жеңімпазы Гүлмира Баймұратова, «Азия дауысында» талайды таңдандырған Гүлнұр Оразымбетова, өнердің оғланы Шынберген Сүлейменов сынды таланттарды ұшырған киелі топырақтан шыққан жас дарын ауылындағы Қызылжар орта мектебін тәмамдап, 2016-2019 жылдары Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің «Дәстүрлі ән» кафедрасында кәсіби білім алған. Әке аманатын, өнердің биік талғам мен кәсіби сауаттылыққа құрылатынын жете түсінген Ернар білімін алуын мұнымен тоқтатпай, 2019 жылдан бастап Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясына оқуға түсті. Қазіргі таңда ол – Берік Айтжанов шеберханасының «музыкалық драма әртісі» мамандығы бойынша 3 курс студенті.

Тілшілерге берген сұқбатында Ернардың өзі де: «Дәстүрлі ән бағытын таңдауыма әкемнің әсері болды», – дейді. «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» деп Бекұзақ Тәңірбергенов айтқандай, өнерді, ән-жырды жан-жүрегімен сезінетін аралдықтардың, қызылордалықтардың елеусіз жатқан ел ішінен шығып, талайды мойындатып жүрген талантты ұл-қыздарға шын тілекші екені, сын сағатында қолдаудан қашпайтыны анық. Топ жарып, талай жүректі әнмен тербеп үлгерген қос әншіге өлмейтін өнер, шығармашылық табыс тілейміз!

**Дина БӨКЕБАЙ**

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН





**Асқар ҚҰРМАШ, облыстық жастар ресурстық орталығының директоры:**

# ЖАҢА ЖОБАҒА ТОЛЫ ЖЫЛ

**Жастар – ел болашағын жарқын етер шырағдан. Қозғаушы күш білімді, әлеуметтік белсенді, өз құқығын білетін сауатты азамат болып қалыптасуы тиіс. Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» осы міндеттердің үдесінен шығуға күш салып келеді. Мұнда замандастарымыздың шығармашылығын дамыту, кәсіпкерлікке шыңдау, жаңашыл жобаларына қанат бітіріп, біліммен биікті бағындыруына мүмкіндік мол. Олар еріктілік бағытында да өзін шыңдай алады. Бұған біз орталық директоры Асқар Құрмашпен кезекті сұхбатта тағы бір көз жеткіздік.**

**– Асқар, алдымен сауалымызды мынадан бастасақ. «Жастар ресурстық орталығының» қолданысқа берілгеніне аз болды. Осы уақыт аралығында ол жастардың екінші үйіне айнала алды ма? Орталық қаншалықты сұранысқа ие?**

– Жастардың сұранысын қанағаттандыру – орталықтың басты мақсаты. Бізде интернет-кітапхана, антикафе, IT-парк, жаттығу залы бар. Өзімді жетілдіремін, дамытамын деген әрбір жас үшін қажеттінің барлығы қарастырылған. Сыр жастары бос уақытының басым бөлігін осы орталықта өткізеді, сондықтан оны жастардың екінші үйі деп атасақ артық айтқанымыз емес.

**– Бұл қызметке келгеніңізге жылға енді жуықтайды. Орталықтың жұмысы қалай жүріп жатыр, қандай бағыттарға басымдық берілді және қолға алынған жобалар қаншалықты нәтижелі?**

– Сыр жастары ойы еркін, рухы азат, болмысы бөлек. Қоғамдық шараларда белсенді. Қызметке кірiскен уақыттан бері біз бірлесе жаңаша бағыттағы жобаларды жүзеге асырудамыз. Оған бұған дейін салаға төселіп, тәжірибе жинақтауым көмегін тигізуде. Жыл басынан бері көптеген жоба мен шара ұйымдастырылып, нәтиже берді. Жастар шығармашылығын дамыту мақсатында «Жайдарман» ойындары, «Сыр дарыны» шығармашылық байқауы өткізіліп келеді. Ол арқылы көптеген жастың үлкен сахнада өнер көрсетуіне жол ашылды. Сондай-ақ қыркүйек айында ауқымды жобаның бірі – «Менің отбасым» байқауы ұйымдастырылды. Бұл жарыс «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылында телевизиялық бағытта өтті. Оған әр салада жетістікке жеткен қоғам белсенділері қатысып, жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты. Жастар арасындағы негізгі мәселе білім саласына қатысты. Екінші кезекте – жұмыс, үшінші – баспанамен қамту мәселесі. Облыста қазір миграцияның үлесі жоғары, бізге сырттан келетін жастар аз. Демек біз аймақ жастарының қалада білім алуына жағдай жасап, ел ішінде алып қалуымыз керек. Бұл бір мәселе, себебі жастардың сыртқа кетуі алаңдатады. Бізде сапалы білім бар, ал жұмыссыздық мәселесі барлық өңірде кездеседі. Бұл ретте жұмыссыздықпен күресудің бір ғана жолы – жаппай кәсіпкерлікпен айналысу. Бізде бұл бағытта мемлекеттік бағдарламалар жеткілікті. Міндетіміз де – сол бағдарламалар бойынша әдістемелік көмек көрсетіп, бағыт беру. Қуантатыны, былтырғы жылмен салыстырғанда кәсіпкерлік саласында жастардың үлесі артып келе жатыр. Өйткені қазір жастардың кәсіппен айналысуға ынтасы жоғары және ғаламтор, түрлі әлеуметтік желілерде бастауыш кәсіпкерге қажет ақпарат жеткілікті. Бұл ақпараттарға қарап олар облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, «Атамекен» кәсіпкерлерді қолдау ҰП облыстық филиалы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тарапынан түрлі мүмкіндіктер, гранттар қарастырылғанын біле алады. «Kyzylorda Business Hub» облыстық стартап жобалар байқауында да жастар идеясын игілікке айналдыра алады. Қазір еңбек нарығында ең жоғары сұранысқа ие мамандықтар осыдан он жыл бұрын мүлде болған жоқ. Бұл дегеніңіз – заман ағымына бейімделу керек деген сөз. Мемлекеттік бағдарламадан қаржы ұту бір бөлек, оны тиімді пайдалану басқа дүние. Сондықтан жастардың қаржылық, құқықтық сауатты болуына да көмектесудеміз.

**– Жастарды қандай дүниелер қызықтырады? Біз жастардың сұранысын өтей аламыз ба?**

– Жастардың талабы жоғары. Олар тіл үйрену, жаңаны меңгеру арқылы болашаққа батыл қадамдар жасауда. Келешектің кәсібі – IT-де өзін қалыптастырғысы келетіндер көп және сол үшін еңбектеніп келеді. Біз осы жас өскіндердің қалыптасуына көмектесуіміз, жағдай жасауымыз қажет.

**– «Жастар ауылдан қашады». Осындай пікір бар қоғамда. Келісесіз бе? Жалпы, қазір аудан, ауыл жастарымен жұмыс қандай деңгейде?**

– Жоқ деуге жүрек дауаламайды. Себебі ауыл – біздің түп қазығымыз, алтын бесігіміз. Өзім де қызметке келгелі Арал мен Жаңақорған жастарының арасында жүрмін. Орталық тарапынан атқарылған жұмыстарда аудан, ауыл жастары ұмыт қалған емес. Облысқа қарасты 7 аудан болса, әр ауданда ресурстық орталықтар бар және ауылдық округтерде жастармен жұмыс істейтін арнайы мамандар бекітілген. Осы орайда ең бірінші жастар мәселесіне аса назар аударып отырған аудан әкімдеріне алғыс айтқым келеді. Қазір қала мен ауылдағы жастар потенциалы бірдей. Аудандарда да мүмкіндік көп. Бұл – жолға қойылған жүйе. Мысалы, жақында ғана жалағаштық Айсана Қанатқызы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан қаржылай грант сертификат алды. Мұның өзі ауыл жастарының заман талабына сай жұмыс істеп келе жатқандығының көрінісі. Орайы келгенде айта кетейін, орталыққа келгендегі бір мақсатым – мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Жаңа жылда осы бағыттағы «Кедергісіз келешек» жобасын жүйелеп, аудан, ауылдарды да аралау, осы бастаманы жолға қою жоспарда.

**– Жастардың ортасындасыз. Айтыңызшы, сізді олардың қандай қасиеті ерекше қуантады? Қандай болмысына көңіліңіз толмайды?**

– Сырт көзбен баға бере алмаймын. Себебі өзім 25-темін. Бізге аға буын өкілдері сын айтып, кеңес беріп жатса, оның орны бір бөлек. Сондықтан тек ішкі ахуалға тоқталып өтсем. Менің ойымша, қазір жастар, біздер үшін мүмкіндіктер кезеңі. Жастар білімге, ғылымға, бәсекелесіп дамуға құштар және қабілетті. Оны тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай жеткен жетістіктерге қарап айтуға болады. Бізге келетін жастардан да осыны байқаймыз. Осы жерде мынаны айтқым келеді, орталық тек көшбасшылармен ғана жұмыс істемейді. Мұнда әлеуметтік осал топтар, мүмкіндігі шектеулі жастар бар. Олардың әрқайсысының дамуына, қабілетін одан әрі шыңдауына, мотивация беруге басымдық береміз.

**– Жұмыспен қамту – күйіп тұрған мәселе. Бұл проблеманы шешуге орталық қалай ықпал етеді?**

– Жұмыссыз жастар мәселесі әрдайым назарда. Түйінді мәселені тарқатуда бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің көмегі көп. Мақсаты – қабілетті мамандарды тарту, жастардың екі қолға бір күрек табуына септесу. Қолдағы мәлімет бойынша 2000-нан аса ұсынылған бос жұмыс орындарына 150 тұрғынның өтінімі қабылданып, келесі кезеңге өткен. Жұмыс беруші мекемелер тарапынан жарияланған бос жұмыс орындарының 1965 жұмысшы ретінде болса, 39 арнайы мамандыққа сұраныс тағайындалып отыр.

**– Ал NEET санатындағы жастар үшін қандай жобалар қолға алынды?**

– Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысы Гүлшара Наушақызы облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестің кеңейтілген кезекті отырысын өткізіп, қараша айын «NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау айы» ретінде белгіледі. Аталған санаттағы жастарды анықтау жұмыстары 2 кезең бойынша жүзеге асырылды. Алдымен облыс орталығынан барған мамандар аудан әкімдігіне барып, салааралық байланысты нығайтса, келесі қадамдары әрбір үйді аралап, адрестік жұмыстардың нәтижесінде сауалнама толықтырды. Екінші кезеңде сауалнама бойынша орталық мамандары зерделеу жұмыстарын жүргізіп, NEET санатындағы жастардың көрсеткішін анықтады. Ендігі кезекте аталған жастармен жеке-жеке кездесулер ұйымдастырып, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, шығармашылық қабілеттерін арттыру бағыттары бойынша жұмысты жалғастырамыз. ТМД мемлекеттерінің арасында Қазақстан бірінші рет NEET санатындағы жастармен жұмыс жасаудың әдістемесін әзірледі. Бұл нұсқаулық бізге де келеді. Сол бойынша қала, аудан, ауылдағы мамандарды оқытамыз. Бұл ретте NEET санатындағы жастардың санын анықтау үлкен жұмыс болды деп айта аламыз.

**– Жастардың экологиялық сауатын арттыруда кемшін қалып отырған жоқпыз ба? Жалпы, қоршаған ортаны қалпына келтіруге жастар қандай үлес қосуда?**

–Табиғатты аялау мен құрметтеу – халқымыздың қанында бар қасиет. Ата-бабаларымыз жас ұрпақты «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Көк шыбықты сындырма», «Өзенді ластама» деп өсірген. Алдыңғы буын үлкендеріміз бізді үнемі осылай тазалыққа тәрбиеледі. Енді осы жақсы дәстүр сабақтастығын үзіп алмай, біз де әрі қарай жалғауымыз қажет. Бұл мақсатқа жастар бірауыздан жұмылған. Оған дәлел Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Бірге таза Қазақстан» эко-акциясы аясында орталық ғимараты жанынан «Жастар аллеясының» бой көтеруі. Мұнда 400-ге жуық көшет отырғызылды. Сонымен қатар «Таза қала» эко-акциясына қолдау білдіру мақсатында көпшілік орындарға, аллеялар мен саябақтарға, мемлекет қарауындағы ескерткіштер мен зираттарға сенбілік жұмыстары жүргізіліп, 10 мыңнан астам көшет отырғызылды. Алдағы уақытта экоеріктілер жұмысы қолға алынып, кеңінен насихатталатын болады.

**– Қазір жастардың басым бөлігі психолог көмегіне, ақылы түрде жүргізілетін тренингтерге жүгінеді. Мұның себебі неде?**

– Бұрынғы кезде де психологиялық көмекке мұқтаж жастар болған. Бірақ қазір олардың саны артты. Өйткені ақпараттың көптігі соншалық жастар бағыт-бағдарын жоғалтып алуда. Идеология бойынша да бағыт әртүрлі. Ата-аналар қызметте жүрген кезде жастар смартфонға үңілуде. Үйдегі жылулықты көрмеген жас оны сырттан іздейді. Әрі бұл мәселеге пандемия да едәуір әсер етті. Негізі психологиялық көмекке кез келген адам жүгіне алады. Бұл – әлемдік тенденция. Біздің орталықта да арнайы психолог маман жұмыс істейді. Жыл басынан бері анонимді түрде орталыққа 600-ден аса жас психолог көмегіне жүгінген.

**– Көп жағдайда жастардың жетістігін тіл меңгерумен байланыстырады. Өз тәжірибеңізден тіл үйренудің тиімді тәсілдерін айта отырсаңыз...**

– Әзірге қазақ және орыс тілдерін жетік білемін. Ал ағылшын тілін меңгерудемін. Тіл үйрену үшін бірінші кезекте тәжірибе қажет. Үнемі жаңа тілде бір нәрсені оқу, танысу мүмкіндіктерді арттырады. Екіншіден, тіл үйренушіге орта қажет. Бала күнімде орыс тілін кино көру арқылы үйрендім. Сондықтан тіл үйренуде фильм қарау, музыка тыңдау жақсы көмектеседі. Ана тілін білу – міндет. Ал өзге тілдерді меңгеру – қажеттілік. «Көп тіл білген ұтады» деп бекер айтылмаған. Орталықта тіл үйрену мәселесі де жолға қойылған. Осыған дейін әлеуметтік осал топтарға арналған курс екі кезең бойынша өткізілді. Алты ай уақыт ішінде 100-ге жуық жас ағылшын тілін үйренді.

**– Әрбір жастың жақсы тұлға болып қалыптасуы – қоғам жетістігі. Сондықтан жастарға пайдалы болсын деген ниетпен бірнеше лайфхакпен бөлісіңізші...**

– Біріншіден, жастар Абайдың қара сөзін толығымен оқу керек. Бастапқыда түпкі мағынасын түсінбеуі мүмкін. Бірақ дана Абайдың әр сөзі адамды қамшылайды. Әр адам өз кемшілігін танып, өзін қайрай білсе, ең үлкен мотивация осы. Адам бойында жалқаулық, ашкөздік, ұйқышылдық, даңғазалық сынды жеті қасиет болады. Соны жеңсе, үлкен жетістікке жетеді. Жастар әр қателіктен сабақ алу керек. Кейде жетістікке жеткен адамды мінсіз деп есептейміз. Бірақ жетістіктің артында түрлі қиындық пен қажырлы еңбек тұрады. Сондай-ақ жастарда мінез болу керек. Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа еңбек ету білімнен емес, мінезден» деген сөзі бар. Адам баласы ешкімнен ешнәрсе күтпеу керек. Адамды алға сүйрейтін – өзі.

**– Жаңа Абайдың қара сөздерін үлгі еттіңіз, ал қазір қандай авторларды оқып жүрсіз?**

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша аударылған 100 кітаптың бірі «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны» атты кітапты оқып жатырмын. Құдай – әр адамның өз ішінде. Барлық адамда Жаратушыға деген сенім бар. Бұл кітап дін тарихындағы кезеңдерді қамти отырып, объективті түрде жазылған. Екінші оқыған кітабым «Қала үшін күрес». Мұнда Нью-Йорк қаласының қалыптасу тарихы жазылған. Жергілікті авторлардан Жаңақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемов жазған «Жанымдағы жазбалар» кітабы маған ерекше әсер қалдырды.

**– Соңғы сауалдың кезегі келді. Алға жоспарларыңыз қандай?**

– Қазір «Сыр жастары» порталы құрылуда. Облыстық сайтта барлық бос жұмыс орындарының тізімі, мемлекеттік бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулар, үйірмелер туралы жаңалықтар орналасады. Облысты түгел қамтыған соң жастардың байланыс нөмерлері де жазылатын болады. Ең бастысы, call орталығы іске қосылады. Сонда аудандағы жастар да кез келген уақытта хабарласып, мәселені бізбен бірлесе шеше алады. Қазір сайт тәжірибе ретінде жұмыс істеп тұр. Қаңтар айынан бастап толыққанды жұмыс істейді.

Сондай-ақ жаңа жылда «Invest orda» стартап жобасын қолға алмақпыз. Алдымен барлық ауылды аралап, жастардың жобаларымен танысамыз. Содан соң жастар аудандық кезеңде бәсекелеседі, бәрі қорытындыланған соң облыстық кезең ұйымдастырылады. Бұл жерде ауыл, аудан, қала жастары ортақ тәжірибе алмасады. Бұл біздің потенциалымызды арттырады деген ойдамыз.

**– Сұхбатыңызға рахмет!**

**Сұхбаттасқан: Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ**

# ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ КИНОСЫ?

**Кинематография ұлттар арасында мәдениет тасымалдаушы ғана емес, көркем һәм өмір шындығын жеткізетін, адам жанымен таныстыратын құрал. Оңтүстіккореялық режиссер Ким Ки Дуктің «Кино – ақша жасау тәсілі емес, адамзатқа бірдеңе айтуға деген құштарлық» деуінде мән бар. Қазақстанда алғаш кино өндірісі 1944 жылдан бастау алды. Яғни ЦОКС таратылып, кинохроника мен көркемсуретті фильмдер студиясы Алматы киностудиясына бірігіп, кейін оның аты «Қазақфильм» болып ауыстырылған еді. Сол кезден бүгінгі күнге дейін қаншама фильм жарық көріп, бірнеше даму сатысынан өтсе де, жалпы қазақ киносын тәуелсіздікке дейінгі және кейінгі деп жіктеу орынды. Тәуелсіз қазақ киносының бүгінгі жайы қалай? Бізде «кино» бар ма? Көрермен ше? Осы сұрақтар төңірегінде сөз қозғамақпыз.**

### КОММЕРЦИЯЛЫҚ КИНО – КОМЕДИЯ ДӘУІРІ

Нарық пен маркетинг дәуірі режиссерларды «бизнесмен» болуға итермеледі. Өз шығармашылығын бизнеске айналдырып, кинодан табыс тапқандар қатары аз емес. Осы орайда қазақ қоғамы үшін коммерциялық мақсаттағы танымал жанр, «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиетіні – комедия. Соңғы үшжылдық бойынша Нұрлан Қоянбаевтың «Бизнес по-казахски» туындысы тұтас ел кинематографиясында қаржы жинаудан рекорд орнатып, 2019 жылы шыққан «Бизнес по-казахски в Корее» фильмі 1 008 552 674 теңге бюджет тартқан. Сол кездегі доллар бағамы бойынша бұл шамамен 176 млн теңгені құрайды.

Тақырыптық жағынан комедиялардың көбінің мотиві режиссер мен сценарист санасындағы «стереотип» бойынша ауыл мен қала, үйлену – үй болу жайын негізге алады. Бір жылда шамамен он шақты комедия той тақырыбында түсіріледі екен. Сонда қазақты тойдан басқа дүние қызықтыра алмай ма? «Отыз күн ойын, қырық күн тойын»



өткізген қазақ үшін той-думанның орны бөлек болғанымен, бұл тақырыпқа сұраныстың болуы қоғамға берілген жақсы баға емес. Коммерциялық фильмдерде тойдан кейін жиі кездесетіні – ауылдан қалаға, қаладан ауылға қашқан кейіпкерлер мен қос әлемнің кереғарлығы. Ауыл адамын аңғал, қарапайым, ал қалалықтарды қу, өтірікші, тәкәппар етіп сипаттайтын қазақ киносы мектептегі әдебиет пәні сынды: байдың бәрін жаман, кедейді кіршіксіз, жақсы адам қылып көрсетуден жалықпайды.

Неге көрермен санаға салмақ түсірмейтін жеңіл киноға құмар? Бұл туралы киносыншы Әсия Бағдәулет: «Белгілі режиссер Андрей Тарковский өнер хақында «Егер әлем өз орнында болса, онда өнерге мұқтаждық болмас еді. Әлем нашар құрылғандықтан да, өнер өмірін жалғастырып келеді» дейді. Өзімізге етене таныс қазақ қоғамындағы көрерменнің басым көпшілігінің «happy end»-ке құмар болуын жақсы ырымға балай аламыз ба? Әлемнің мінсіз емесін білеміз, бірақ оны сол күйінде қабылдайтын даналық бәрінің бойынан табыла бермейді. Ойлануға, рефлексияға ерінгенде, болмаса бойымыздан оған күш табылмаған кезде жеңіл фильмдерге құмартамыз, – дейді.

Сонымен бірге осы күнге дейін өзгермей, орысша сөйлеп келе жатқан сала – қазақ киносындағы коммерциялық бағыт. Иә, қазақ еліндегі кинотуындылардың дені қазақ тілінде. Алайда жаны қазақ па? Бастысы киноның кейіпкерлері қазақша сөйлейді демесек, көбіне өзге мәдениеттің киімін киіп жүргендей әсер қалдырады. Мәселе кино жасаушылардың қазақы дүниетаныммен таныс емес екендігінде. Қазіргі қазақ киносын жасап жүргендер қазақтың жанын қаншалықты түсінеді деген сұрақ туындайды. Операция жасау мен киім тігу бір нәрсе емес. Сондықтан қазақтың «етігін киіп, жүрген жолымен жүріп көрмей», бар дүниені бұрынғы мен жаңаның ортасында, таразының қай жағына түсерін білмей тұрған бүгінгі қалпымен қабылдап, кино түсіріп, ақша жасауды мақсат еткен режиссерлер шынайы өнер деген ұғымнан әлдеқайда алыстап кеткенін ескерсе дейміз.

### ЖЫЛ КЕЛГЕНДЕЙ ЖАҢАЛЫҚ

Алшаңдаған талай саланың аяғынан шалған пандемия кино өндірісіне де әсер етпей қоймады. Кинотеатрлар жабылды. Жұрттың бәрі тың туындыларды үйде отырып, ғаламтордағы сайттардан көруді жөн санады. Онлайн платформалар ақылы режимге көшті. Бірақ өнер туындысын ақылы көру, бағалау мәдениеті әлі де қалыптаспай келеді. Сондықтан телеарналар, «Youtube» желісінде қазақша бейнеконтент жасаушылар маркетинг пен smm-ге мойын бұруда.

Өзгеруге, өзгертуге себепкер болған бір жыл ішінде қазақ киносы мүлдем жаңа арнаға түсіп, тану мен танылуға талпынды. Трендте – «Salem Social Media» шығармашылығы. Арнайы тапсырыспен түсірілмегендіктен бе, аталған фильмдерден режиссердің еркіндігі, шеңберден шыға алғаны сезіледі. Сценарист Перизат Мырзахметтің 2021 жылы жарық көрген «Жайна+» сериалы жасы 30-ға таяған арудың тұрмысқа шығудағы таңдауынан сыр шертеді. «Қыз мұраты кету» деген санаға сіңген түсінік бар ғой. Сонымен қыздың мұраты қайда кету? Қыздар не үшін тұрмысқа шығуы керек? Жұрттың бәрі үйленіп, үй болып жатқан соң ба, жоқ әлде, «отырып қалмау» үшін бе? Мүмкін, жауапкершілік жүгін күйеуіне артып қою үшін..? Әр сериясы 20 минуттан тұратын туынды сөзсіз көрерменге сұрақ қойып, санасын сілкіп тастайды. Кейіпкерге сай таңдалған актерлар, локация, сюжет, уақытының қысқалығы – «Salem Social Media» шығармашылығының ерекшелігі. Бұдан бөлек осы жыл ішінде «Көрші», «Алғашқы махаббат» сынды туындыларын да шығарды.

Ютубта қазақша контентті жандандырып жүрген сәлемдік режиссердің бірі – Әлішер Утев. 11 қараша күні халыққа ұсынған «Сержан братан» сериалы алғашқы үш бөлімімен-ақ көптің көңілінен шығып, миллиондап қаралым жинай бастады.





**_Тәуелсіздік жылдары – 600 отандық фильм түсірілген_**





Тың туынды түрмеге түскен адамның тағдырын көрсетсе, жас сценарист Нұрсұлтан Жұмабековтің «Шекері» тыйым салынған бизнес – есірткі сатуға «сыбана кірісіп», кейіннен одан шыға алмаған қазақ баласының шарасыздығын көз алдымызға әкеледі. «Эскорт» сериалында тәнін сатумен айналысатын бойжеткеннің ішкі жанайқайы, қаржысы көп, қауіпті жұмыстан оңайлықпен шыға алмауы, құрбысының ағасына ғашық болуы көрерменді басты кейіпкер Айсараға ілестіріп әкетеді. Әр сериясы миллиондап қаралым жинаған туындылар бұрын «тыйым салынып» келген тақырыптарды көтеріп, детектив, криминал элементтерін бойына сіңіргендей. Тән сату, есірткі бизнесі, жастар арасындағы түрлі деңгейдегі қылмыс – мұның бәрі айналамызда орын алып жүрген жайттар. Адамның қандай жағдайда өмір сүретіні өзінің таңдауы екенін меңзейтін әр сериал 18 жастан асқан көрермендерге көруге рұқсат етілген.

Соңғы айда қазақ қоғамын шулатып, көрермен көңілін елең еткізген «5:32» хикаясы ең таңдаулы тергеушінің бірі болған Шалқардың өмірінен сыр шертеді. Тапсырыспен кісі өлтіретіндерді ұстауға шақыртып алған зейнеткер тергеуші Алматыда орын алған адам сенгісіз қылмыстардың құпиясын ашады. Кінәсіз, бейтаныс жанды буындырып өлтіру, өртеу, адам етінен жасалған бәліштерді сату сынды қорқынышты оқиғалар желісі шынайы өмірден алынған екен. Ал «5:32» атауы Құран Кәрімдегі 5-ші сүре, 32-ші аятқа қатысты деген болжам бар. Онда: «Кім де кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, шын мәнінде барлық адамды өлтіргенмен, ал кім оны өлімнен құтқарса, барлық адамды тірілткенмен тең», – деп жазылған.

Осылайша бірнеше арнаны қатар жүргізіп келе жатқан олар қысқа метражды сериал түсіруде тақырыптық, идеялық жағынан өзгерістер әкелгенін мойындау керек. Детектив жанрындағы туындылар қазақ көрерменін таңдандырардай деңгейде емес. Дегенмен, сәлемдіктердің «батылдығын» бағалағанымыз жөн. Демек бізде комплекстерден арылып, көркем фильм түсіруге толықтай мүмкіндік бар. Сценарист, режиссерлер де жеткілікті.

### СЕРИАЛҒА СҰРАНЫС БАР

Жаһандану ұлттық құндылығын жоғалтып алуға жақын қазақ жастарына, бүгінгі буынға артылар жауапкершілік жүгін ауырлата түсті. Сан алуан көзқарастар қақтығысы орын алған шақта ұлт боп қалу – қазақтықты сақтауда, қазақы танымды жан-дүниесімен сезінуде. Осы орайда көптеген телеарнада қаптап кеткен түрік, үнді сериалдары қоғамдық санаға кері әсер етпей ме? Мәселен, өзге елдің контенті енгенге дейінгі елдің рухани ахуалы, киіну мәдениеті қазіргіден өзгешелеу болды. Яғни олар атойлап, ұран салмай-ақ кинотуындылармен халықтың санасына әсер етуде. Ал соңғы жылдары ұлттық арнадағы «ұлттық емес» тәрбиенің көзі боп жүрген шетелдік контенттің азайғаны, оның орнын отандық сериалдар басқаны көңілге қуаныш сыйлайды.

Ермек Тұрсынов: «Кино – бір ғана сөйлем. Сюжет соған жұмыс істейді», – дейді. Бір ғана сөйлеммен қазақтың мінезін, оңы мен солын танытып жүрген сериалдар баршылық. Мәселен, екі апта бұрын ұлттық арнада Ахмет Байтұрсынұлы туралы «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясы жарыққа шықты. Алты бөлімнен тұратын фильмнің продюсері Айсәуле Әбділдаева болса, сценарийін Мұрат Есжан мен Ұларбек Нұрғалым жазған. Режиссері де – Мұрат Есжан. Басты рөлде ойнайтын Байғали Есеналиев.

Мойындау керек, кеңес өкіметі 50 жыл бойы атын ашық айтуға тыйым салып келген Ахметтің есімі 150 жылдық мерейтойы қарсаңында қайта жаңғырып, өмірінің өнер туындысына айналуы – шынайы жетістік. Абсолютті мінсіз дүние жоқ. Бірақ жаңа туындыға айтылар «сын шын болса» екен. Фильмді көрген жұрт әлеуметтік желілерде жамырап, әркім әртүрлі пікір айтып жүр. Сөзсіз, бірі фильмнен Торғай даласын іздесе, енді біреулер «тарихи шындық бұрмаланған» деп буырқануда. Кеткен кемшілік, көпке әсер еткен туынды туралы автор Мұрат Есжан:

– Ахмет Байтұрсынұлы жайлы фильм түсірсем деген ойда жүргеніме он жылдан асты. «Хабар» телеарнасында жүргенде «Ахмет туралы деректі фильм жасасам» деген арман болды. Менің мақсатым өнер туындысын жасау емес. Қандай әдісті қолдансам да Ахаңның биік тұлғасы, сынбас рухы арқылы көрермен жүрегіне сәуле беру болды. Ал уақыт пен қаржының қыспағын бір кісідей көрдік. Бұл фильмнің кемшілігін жасыру үшін айтып отырған сылтауым емес. Өзімнің де әттеген-айларым аз емес.

Шынын айтқанда, телеарна арқылы қаржыландырылған телехикаялар орташа деңгейде түсірілген көркем фильмдерге бөлінетіннен 15-20 есе аз қаржыға түсіріледі. Сондықтан жалпы сериалды бір ай ішінде аяқтауға мәжбүр болдық. Түсірілімнің әр күні – 1-2 миллион теңге көлеміндегі шығын. Бір күн асса, бір күн созылса – оның бәрі ақша», – дейді.

Сериалдағы басты кейіпкер жақсы таңдалғанымен, оқиғалар бірінен соң біріне көшіп, үзінділердің жиынтығы іспетті әсер қалдырады. Ал тарихи шындыққа сай емес дегендерге жауап – көркемдік кеңесші ретінде ғалымдардың пікірі ескерілгені, автордың 49 кітаптағы дерекке сүйенгені болса керек. Әрине, режиссер айтқандай, қысқа жіп күрмеуге келмегенмен, автордың мақсаты орындалған туынды деп топшыладық. Әйгерім Рамазанова есімді көрерменнің: «Болмайтын, толмайтын футболға миллиардтап ақша бөлгенше, осындай тарихи туындыларға бөлу керек. Бар уайымы мен қайғысы ұлттың тағдыры болған тұлғаны көргенде, өміріне налып, түңіліп жүргендердің мәселесі түк емес екенін түсінеміз. Сериал тарихи тұлғаны танытып қана қоймайды, жігер береді», – деген пікірі осыны білдіретіндей.

Зерттеп, мән беріп қарасақ, телехикаяларға бөлінуі тиіс қаржының лимитті мөлшері туралы қаулының қабылданғанына 20 жылдай уақыт өтіпті. Яғни ұлттық арна ұлт ұстазы жайлы туындыға қанша маңыз бергісі келсе де, сериал түсіруге белгіленген стандартты сомадан артық қаржы бөле алмайды. Ал 20 жылдан бері зат бағасы неше есе қымбаттады? Теңге құнсызданбады ма? Телеарналар тарапынан да көтеріліп жатқан бұл мәселе қолға алынар кез жетті. Себебі тәуелсіздік алғаннан кейінгі, еркін ойлы азаматтардың қазақша сериалдарын халыққа ұсыну – уақыт талабы.

Ал көркемдік жағынан кеткен кемшіліктер қаржысы жеткілікті, көрермен талғамы биік болғанда ғана түзелері хақ. Көрермен талғамына сүйенсек, комедия мен арзанқол фильмдерден алыстамасымыз анық. Сондықтан талғамды сауатты режиссерлар мен сценаристер қалыптастырып, «аз жазса да, саз жазылар» ұлы туындыларды ұсынуы шарт.

Осы жылы ұлттық арна тарапынан тапсырыспен түсірілген 16 отандық сериалдың 6-уы тарихи бағытта жасалып, Ахмет Байтұрсынұлы туралы сериалмен бірге тағы 5 туынды – «Жәңгір хан. Сарай сыры», «Домалақ ана», «Тәшенев. Тайталас», «Қаныш. Қазына», «Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін» көрерменге ұсынылады. Ұлт қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Жұмабек Тәшенев, Қаныш Сәтбаев, Мұқағали Мақатаев, Жәңгір хан мен Домалақ ананың өміріне арналған тарихи туындылар – тәуелсіз қазақ киносының бүгінгі келбеті.

«Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай келесі жылғы сериал өндірісі туралы: «Ұлттық арна 2022 жылы түсірілетін сериалдарға ашық байқау жариялап, 188 жоба қабылдады. Тарихи тұлғалардың өмірін, бейнесін экран арқылы дәріптеу ісінде алға қойған мақсат-міндетімізге сай келер жылы Әлихан Бөкейханов, Әлкей Марғұлан, Дина Нұрпейісова, Мағжан Жұмабаев туралы түсіруді жоспарлап отырмыз. Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романын экранизациялау мақсаты тұр. Затаевич пен Брусиловскийдің қазақ музыка мәдениетіне сіңірген еңбегі де бір телехикаяға арқау боларлықтай», – деген болатын. Демек қазақ киносының болашағы сенің қолыңда, жас сценарист, жасампаз режиссер!

**Дина БӨКЕБАЙ**

# ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

**Қолөнер бұйымын заманауи талапқа сай түрлендіріп, сұранысқа айналдыру оңай қадам емес. Оның үстіне әлемдік брендтер нарықты қамтыған шақта ұлттық нышанды сәнді үйлестіру сәтті жүрмесе, істің мәні кетері анық. Сондықтан кәсіпкерлер бұл бағытқа ерекше идея, тың талпыныспен қарауға тырысады. Бүгінде «PodarKing» атты брендпен ұлттық болмысты насихаттап жүрген қызылордалық Байжігітовтер отбасыда аталған үдеден шығып, табыстылардың қатарына қосыла білген.**

Нұржан Байжігітов пен жұбайы Жанарағаштан кәдесый, тойтабақ және ойыншықтарды сапалы жасап, халыққа ұсынып келеді. Ерлі-зайыптыларотбасылық кәсіпті өрістетіп, ісін жандандыруға күш салуда. Көздің жауын алатын бұйымдардың барлығы жоғары сапалы, асқан ұқыптылықпен әзірленген. Содан болар, ұлттық бұйымдарға тек егде жастағы тұтынушылар емес, жастардың да қызығушылығы зор.

Үнемі жаңа идея ойлап, ізденіс үстінде жүретін Нұржан сүйікті ісі туралы айтудан жалықпайды. Оның әңгімесінен өзінің кәсібіне жан-дүниесімен берілгенін, мақсат-арманы ел болашағының дамуымен тікелей байланыста екенін аңғару қиын емес. Қаншама кедергіге қарамастан пайданы емес, ойға алған жоспарды жүзеге асыруға ниеттенген кәсіпкер бүгінде өз ісінің жемісінкөріп келеді.

– Ағам Бақытжан екеуміз бір жылда ұлдарымызды сүндетке отырғыздық. Ат шаптырып, бәйге бермесек те қуанышымызды ұлттық нақышта жасағымыз келді. Сол кезде ұлттық бұйымдарды табу қиын екеніне көз жетті. Алам жоқ, бәрін қолдан жасауға тура келді. Осылайша, ұлымның қуа¬нышына үлкен әзірліктің соңы кәсіпке жалғасқан жайы бар. Жалпы ағаштан түйін түю – кез келгенге бұйыра бермейтін қасиет. Маған бұл өнер әкемнен дарыған болуы ықтимал. Әкем де қолөнерге бейім шебер кісі болған еді. Әкенің бойындағы өнер маған мирас болды.

Әуелгіде «PodarKing» – «Сыйлық¬тар патшасы» деген брендпен шыға бастадық. Мақсатымыз – ұлтымыздың баға жетпес байлығын, мәдени мұрасын ұмыт қалдырмай, өскелең ұрпаққа дәріптеп, нарықта ұлттық трендке айналдыру. Бұл жұмыстан біз рухани азық аламыз, – дейді кәсіпкер.

Расында, «сыйлықтардың патшасына» бұйымдар қызылордалық тұрғындардың көңілінен шығуда. Ұлттық бұйымнан, қолөнерге құмар азаматтар арнайы тапсырыс беріп қолдау білдіруге асық. Тіпті, түрлі жәрмеңке барысында Нұржан мен Жанардың бұйымдарына кәсіби мамандар да жоғары баға беріп. Бірі тапсырыс берсе, енді бірі ризашылықтарын білдіруде.

Елдің ықыласы қанат бітіріп, Нұржанның ойға алған бастамасын жары Жанар да қолдай кеткен. Ерлі-зайыпты бірлесіп жұмыс бастап, алғашқы өнімді шығаруға талпынады. Алғашқы бұ¬йымдар дайын болған кезде саябақтағы қолөнершілер жәрмеңкесіне қатысып, халықпен етене араласу арқылы тұтынушымен жұмыс істеуді игеруге жолын ашқан екен.Қазір бұл кәсіппен үй іші түгел айналысуда. Анасы, жары, балалары, бауырлары да ынты-шынтысымен еңбек етеді. Кәсіптің мәні де осында болса керек. Бірін-бірі қолдап, ойы бір жерден шығып жатса, еңбектің жемісті болғаны.

– Отбасы болып жұмыламыз. Қандай бұйым жасасақ та алдымен сызбасын сызып, ақылдасамыз. Барлығының пікірі ескеріледі. Тіпті кішкентайлардың да. Олардың қиялы ұшқыр, тәуір дүние жасауға қанат бітіреді. Біз бұйымдарды кесіп, әрлесек, кішкентайлар құрастырады. Бала біз ойламаған, көрмеген нәрсені байқайды.

Мені ойландыратыны – балалардың телефонға тәуелділігі. Құрастырмалы үй, машина жасаймын. Сырттан келіп жатқан ойыншықтардың бала денсаулығына зиянын ескеріп жатқан жоқпыз. Біздің жасаған ойыншықтар – таза ағаштан, тіпті сырланбаған. Балалардың ой-өрісін дамытуға да, денсаулығына да пайдалы,– дейді Н.Байжігіт.

Бір айта кетерлігі, бұйымдардың алғашқы тұтынушысы да балалары екен. Әр жасалған ойыншықпен ең әуелі үйдегі кішкентайлар ойнайды. Бүлдіршіндер көңілінен шықса, ойнағанда сынбаса, онда сапалы болғаны.





Өнерлі отбасының танылуына арбатта жиі ұйымдастырылған көрменің көмегі көп. Арнайы дүкен ашу тәй-тәй басқан кәсіп иелері үшін оңай емес. Өнер арбатында талай бұйым сатылып, жарнама да жақсы жүргені сөзсіз. Сондай көрмелердің бірінде жасаған бұйымына қатты қызыққан Кәсіпкерлер палатасының қызметкерілері өнерлі отбасыны кеңес алуға шақырған. Нәтижесінде хоббиге баланған өнерді, табыс көзіне айналудыруға мүмкіндік туған көрінеді.

– Тың идеяларға қолдау бар екенін түсіндіріп, «Бастау-бизнеске» оқуға жөн сілтеген соң, курстан өтіп, бизнес-жоспар жасап, құжаттарды реттедім. Бұл жерден бизнес әліппесін үйрендім. Инновациялық идеяларға арналған конкурсқа қатысып, грант ұтып алып, қажетті құрал-жабдықтар сатып алдым. Осылайша кәсіпкер болдық, – дейді Н.Байжігітов.

Сапаны бірінші орынға қойған шебер шикізатқа аса мән береді. Бұл үшін ағаштың жақсысы қажет. Шикізат Алматыдан әкелінеді. Нарықта «PodarKing» брендімен танылған Байжігітовтер жасаған бұйымның бұлай аталу себебін сұрадық.

– Көптің есінде қалатындай болса екен дедім. Келешектешетел нарығынашығамыздеге нжоспарымыз бар. Сол себептіағылшынтілінде атауқойдық. Мағынасыс ыйлықтарпатшасыдеген дібілдіреді. Ұранымыз – «Сіздің арманыңыз біздің қолымызбен!», – дейді ол.

Кәсіп бастау үшін айқын мақсат керек. Бірінші кезекте қалтаны қалыңдату емес, сүйікті ісіңді сапалы жасау. Нарықты зерттеу, сұранысқа талдау жүргізу қажет. Аталған ұстанымның үдесінен шығу табысқа бастар негізгі тетік екенін Байжігітовтер отбасы дәлелдеп келеді. Олар тек қардыны ғана емес, ұлттық рухты көтеруді де мақсат тұтады. Мәселен, шебер жергілікті спортшыларға медаль ілгіш жасап, сыйға тартуды дәстүрге айналдырыпты. Сыр топырағынан шыққан әрбір спортшының медаль ілгіші медальға толса екен деген тілектестік білдіреді.

**P.S.** ***Расында, бастаған істі жан дүниеңмен атқара білгенге табыс өзі келеді. Өнерлі отбасының айқын мақсаты мен алға жетелейтінін арманы әлі талай белесті бағындыратыны үміт мол.***

**Берен ШАҒЫРОВ**

# ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЖАҢА ҮЙДЕ ҚАРСЫ АЛАДЫ

**Жақында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Қармақшы, Жалағаш аудандарына барды. Сол сәтте үй кезегінде тұрған тұрғындарға пәтер кілті табысталды. Оның ішінде көпбалалы отбасылар бар. Бала-шағамен пәтер жағалап, шіліңгір ыстық пен қытымыр аязға қарамастанкөшіп жүрудің қаншалық қиын екені айтпаса да белгілі. 3 жылдан бері үй кезегінде тұрған көпбалалы ана Алтынай Шариева бұл машақаттан құтылды. Енді ол жаңа жылды жаңа үйде қарсы алмақ.**



– Үй кезегіне тұрғаныма бірнеше жыл болды. Өзім де, жолдасым да жұмыссызбыз. Бес балам бар, пәтерден-пәтерге көшіп, еңсеміз түсіп кетті. Қайта-қайта үй кезегі жылжыды ма, жоқ па соны білу мақсатында есік тоздырдым. Жақында телефон шырылдап, жақсы жаңалықтың нышаны бар екенін естідім. Бала-шағамның тілегі қабыл болғанына қуанамын. Бізге берілген баспана төрт бөлмелі, жөндеуден өткен. 10 сотық жері бар, – дейді жас ана телефон арқылы тілдескенде.

Балаларының денсаулығына байланысты Алматы қаласында жүрген Айбек Қонысовтың отбасы үшін де бұл жаңалықтың тосын-сый болғаны анық. «Жақында ұлыма ота жасалды, қызыма аллергия шықты. Соны емдеу үшін Алматыға келдік. Мұнда жүріп, ақжолтай хабарды естігенде қуанышымыз еселенді. Аймақ басшылығына, құрышқолды құрылысшыларға ризашылығымды білдіремін. Үйге қол жеткізу – кез келгеннің арманы. Сол арманды арқалаған жандардың тілегі орындалсын, тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізген біздің қуанышымыз барша жерлестерімізге бұйырсын», – дейді толқынысын жасырмаған Алтынай Мирамбайқызы.

Азамат, Гүлжанат, Айжігіт, Абдулла, Медина да енді пәтерден-пәтерге көшпейді. Өзгенің шаңырағында қысылып-қымтырылмай, өз шаңырағында емін-еркін доп тебеді.Осындайда жазуы бөлек Ержан Байтілестің «Пенде мен перде» кітабында журналист Қали Сәрсенбайдың Алматыда пәтерден-пәтерге көшіп жүргендегі бейнесі көз алдымызға елестейді. «Алматыда мен көрмеген орыс кемпір қалмады ой. Отызға жуық пәтер ауыстырыппын» деген сөзі баспанасыз жүрген жандарға жақсы таныс.

Басында баспанаң болмаса, күйің болмайды. Қуантатыны, қазір бұл мәселені шешуде жүйе бар. Тұрғын үй құрылысы қарқынды. Тәуелсіздік алған жылдан бүгінге дейін облыстың өзінде 8 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді деген дерек бар. Мереке аясында Арал, Қазалы, Қармақшы және Жалағаш аудандарының тұрғындарына 111 пәтер бұйырды. Бұл – ел игілігі жолында атқарылып жатқан істердің бір парасы ғана.

**Мөлдір САБЫРЖАН**

# ЖАҚСЫ КӨҢІЛ-КҮЙДІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

**Әдетте отбасындағы ұсақ түсініспеушіліктің өзі адамның ішкі гармониясына едәуір әсер етеді. Сырттай болмашы санаған дүниенің өзі кейде жүйкеге салмақ салатыны жасырын емес. Бұл тек үлкендерге ғана қатысты емес, әсіресе балаларды түсінбеу отбасындағы жиі кездесетін мәселенің бірі. Сондықтан бүгін біз мереке алдында отбасындағы көңіл-күйді көтерудің тиімді тәсілдері туралы ой бөліспекпіз:**

Біріншіден, отбасы мүшелерімен жиі сырласу түсініспеушіліктің алдын алады. Сондықтан мейлінше бос уақытты отбасы мүшелеріне арнаған дұрыс. Бұл тек бір адамды тыңдау деген сөз емес. Жақыныңызды барынша қолдау үшін бірге ұнайтын дүниелерге мән берген жөн. Мысалы, бірге шай ішу, фильм немесе мультфильм қарау, шахмат ойнау, таза ауада серуендеу әке мен ананың, ата-ана мен баланың бір-бірін жақыннан түсінуіне мүмкіндік береді.

Екіншіден, жиі сыйлық сыйлау маңызды. Мерекені күту шарт емес. Кез келген сәтте жақындарыңызды қуантуға болады. Ол үшін көп қаржы немесе уақыттың қажеті жоқ. Бастысы, жақының қуансын деген ниет пен көңіл ғана.

Үшіншіден, отбасы мүшелерімен жиі саяхаттау да әдемі көңіл-күйдің орнауына себепші бола алады. Саяхат барысында бір-біріне болысу, суретке түсіп, әр адамды жақыннан тану қанша уақыт өтсе де адамдарға жылулық сыйлайтыны сөзсіз.

Ең бастысы, ата-ана болсын мейлі бала болсын бір-бірін қолдау, қамқор болу отбасының әрдайым жақсы көңіл-күйде жүруіне көмектеседі.

**Е.ЕҢЛІКҚЫЗЫ**

# ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ БАР МА?

**Санаулы сәттерден кейін ескі жыл есігін жауып, жаңа жылға қадам басамыз. Күнтізбе 2021 жылдың соңғы күндерін санап жатыр. Артта қалған 365 күнде түрлі оқиғаларға қанық болдық. Ендеше қоғам үшін маңызды оқиғалардың тізімін жасақтап, өздеріңізге ұсынсақ.**



### САЙЛАУ ӨТТІ

Жыл басы сайлаумен басталды. Халық жергілікті мәслихат және мәжіліс депуттарын сайлады. Сайлаудың нәтижесі «Nur Otan» партиясы – 71,09 %, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 10,95%, «Қазақстан Халық партиясыһ» – 9,10 %, «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 5,29 %, ADAL саяси партиясы – 3,57 % дауыс жинады. Бұл сайлауға ел қазынасынан 15,3 млрд теңге бөлінген.

### ЖИНАҚТЫҢ БІР БӨЛІГІН АЛУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛДІ

2021 жылдың қаңтарынан бастап зейнетақы қорындағы жинақтың бір бөлігін мерзімінен бұрын алуға рұқсат етілді. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы ақшаның бір бөлігін 700 мыңнан астам қазақстандық пайдалана алатыны айтылды. Зейнетақы жинағының бір бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделу немесе қаржы компанияларына басқаруға беру үшін алуға рұқсат бар.

Жақында тағы бір жаңалық елдің назарын аударды. Қазақстанда 2022 жылы зейнетақы жинағын шешуге арналған жеткіліктілік шегі артатыны белгілі болды. Шекті меже келесі жылдан бастап ең төменгі жалақының өсуіне байланысты көтеріледі. Бұл шешімге әлеуметтік желі қолданушылары наразылық білдірді.

Президент зейнетақы қорындағы қаржысын пайдаланып үлгермеген азаматтарды қолдап, үкіметке бұрынғы шекті межені көтеру мерзімін 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартуды тапсырды.

### ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР НАРЫҚТАН ШЫҚТЫ

Мамыр айында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова 2021 және 2022 жылдары «Баспана хит» пен «7-20-25» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларын қаржыландыру тоқтатылатынын мәлімдеді.

Еске салсақ, «Баспана хит» бағдарламасы арқылы азаматтар екінші нарықтан жылдық 10,75 пайызбен, 20 пайыз көлемде алғашқы төлем жасау арқылы 15 жылға дейін тұрғын үй ипотекасын рәсімдей алатын. Ал «7-20-25» арқылы ел тұрғындарына жылдық 7 пайыз, алғашқы жарна 20 пайызбен, 25 жылға дейін ипотека алу мүмкіндігі ұсынылып келді.

### АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

1 қаңтардан бастап Қазақстанда айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) пен ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері өзгеріп, зейнетақы, жәрдемақылар мен түрлі әлеуметтік төлемдер артты.

2021 жылы ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғыдай 42 500 теңге шеңберінде болды. Базалық әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі 34 302 теңге шамасында белгіленді. 2020 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 32 668 теңге болған.

Отбасының әрбір мүшесіне тағайындалатын АӘК мөлшері нақты облыс үшін кедейлік шегінің көрсеткішіне байланысты айқындалды, оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ына тең (2021 жылы бұл 34 302 теңгені құрады), яғни 34 302-нің 70%-ы 24 011 теңгеге тең. Отбасындағы әрбір адамның табысы осы көрсеткіштен төмен болса, айырмашылық атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін құрайды. Ең төмен күнкөріс деңгейі азық-түлік тауарларының бағасына байланысты әр өңір үшін жеке есептеледі.

### «ҚАРА ТІЗІМНЕН» 490 МЫҢ АДАМ ШЫҚТЫ

Мамыр айында Президент микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеуге қатысты маңызды бір заңға қол қойды. Оған сәйкес, кредит тарихын сақтау мерзімі 10 жылдан 5 жылға дейін қысқартылды. Осылайша, қарызын төлеген, бірақ базада қалып қойған адамдар «қара тізімнен» ерте шығарылады.

Сонымен қатар елімізде коллекторлардың қызметін реттейтін түзетулер де қабылданды. Енді оларға коллекторлық агенттікке тіркелмеген, бөтен адамдардың телефон нөмірінен борышкерлерге хабарласуға тыйым салынады. Одан басқа, агенттіктер борышкермен сөйлесудің кез келген процесін бейне және аудио түрінде жазбаға түсіруге міндеттеледі.

Осылайша, бұл норма коллекторлардың борышкермен дөрекі сөйлесуіне немесе заңнаманы бұзуына жол бермейді.

### ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАУ БАСТАЛДЫ

Елімізде 1 ақпаннан бастап коронавирусқа қарсы ресейлік «Спутник V» вакцинасын егу басталды.

Қазіргі таңда 8 млн 360 мыңға жуық азамат елімізде тіркелген вакциналардың екі компонентін де салдырды. Елімізде 26 сәуірден бастап ресми түрде отандық «QazVac» вакцинасын халыққа егу басталды. Осылайша Қазақстан әлемде Covid-19 індетіне қарсы өз вакцинасын әзірлеп, өндіріске шығарған елдердің санатына қосылды. Күні кешеге дейін Денсаулық сақтау министрі болған Алексей Цой Нұр-Сұлтан қаласындағы №9 емханада алғашқылардың бірі болып «QazVac» вакцинасын салдырған болатын.

Бұдан бөлек, 10 қарашада Қазақстан COVID-19-ға қарсы «Pfizer» вакцинасының алғашқы партиясын алды. Қол қойылған келісім аясында Comirnaty Pfizer/BioNTech вакцинасының 4 млн 230 мың дозасы сатып алынды. Comirnaty – американдық «Pfizer» компаниясы мен Германияның «BioNTech» технологиялық компаниясы шығарған РНҚ-ға негізделген матрицалық вакцинаның (мРНҚ) сауда атауы. Бұл – Қазақстанда тіркелген алтыншы вакцина. Әзірге ол жүкті және емізулі баласы бар әйелдер мен 12 жастан асқан балаларға тегін салынуда.

### ҚУАҢШЫЛЫҚ, ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ МИНИСТРЛЕРДІҢ ОТСТАВКАҒА КЕТУІ

Жазда Қазақстанның бірнеше өңірінде жауын жаумай, жер құрғап, қуаңшылық болды. Маңғыстау мен Қызылорда облысында мал қырылды. Арал ауданында төтенше жағдай жарияланды. Жер-жерден еріктілер жем-шөп жинап, зардап шеккен өңірлерге жөнелтті. Осыған байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровты отставкаға жіберді.

26 тамыз күні кешке Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы 28349 әскери бөлімі аумағындағы оқ-дәрі сақталатын қоймада жарылыс болды. Жарылыстан 13 адам қаза тауып, 98 адам зардап шеккені, үш кісінің хабар-ошарсыз кеткені хабарланды. Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев отставкаға кететіні туралы өтініш беретінін мәлімдеді. 29 тамыз – елімізде Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы әскери қоймада болған жарылыстан қаза тапқандарды аза тұту күні болып жарияланды.

Бір жарым жыл еліміздің денсаулық саласын басқарған Алексей Цой да жақында қызметінен кетті. Мемлекет басшысы Алексей Цойды денсаулық сақтау министрі қызметінен босату туралы жарлыққа қол қойды. Өз отставкасы туралы министр Facebook парақшасында пікір білдірді. «Бүгін менің азаматтық секторға ауысу және ғылым мен әлеуметтік бастамалар арқылы денсаулық сақтауды дамыту туралы шешімім қолдау тапты», – деп жазды Цой әлеуметтік желідегі парақшасында.

### ҚҰРМЕТКЕ «ҚҰРМЕТ» КӨРСЕТІЛДІ

Жазда Құрмет бастаған ерікті топ Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстарының қуаңшылық белең алған аудандарына күш біріктіріп, алты вагон шөп жіберді. Өңірлерге жем-шөп жеткізуді ұйымдастырған Шымкент қаласының тұрғыны Құрмет Талапқазының бұл құрметі көпшілікті тәнті етті.

Сырбойылық жастар да Құрмет бастаған ізгі істен шет қалған жоқ. Олар табиғаттың тосын мінезінен, қуаңшылықтан зардап шеккен Арал ауданының шаруаларына қолдау көрсету мақсатында «Жастардан жәрдем» акциясын қолға алып, ауыл-аймақтарда қызу тірліктің ортасында жүрген еді. Осылайша, Құрмет бастап, көп қоштап, еліміздің әр аймағынан келген ерікті жастар ну қамысты орып, қолмен жинады. Аптап ыстық оларға кедергі болған жоқ.

Қуантатыны, бастамашыл жас жақында М.Әуезов атындағы университетке ешқандай емтихансыз оқуға қабылданды, ел бірігіп Құрметке баспана сыйлауға жұмылып жатқанын да естідік.

### АЛТЫНСЫЗ ОЛИМПИАДА

Төрткіл әлем көз тіккен Токио Олимпиадасында Қазақстан құрамасы сәтсіздікке тап болып, тұңғыш рет алтынсыз қайтты.

Қоржынға 8 қола түсіп, ел спорты сынның астында қалды. 1996 жылдан бері Олимп шыңын бағындырып келген боксшыларымыз да алтынсыз қалды. Үкілеп үміт артқан былғары қолғап шеберлеріміз алтын тұрмақ финалға да шыға алмады. Қазақстандықтар үшін бұл бәсеке «қола жауған» дода ретінде есте қалды.

Бастысы, жүлдесіз емеспіз. Жерлесіміз, бокстан Қазақстан құрамасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев Токиодағы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды.

### «ӘЛІППЕ» ҚАЙТА ОРАЛДЫ, МҰҒАЛІМДЕР КОНКУРС АРҚЫЛЫ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНАТЫН БОЛДЫ...

Қыркүйекте қазақстандық оқушылар бір жарым жыл үзілістен соң мектепке келді. 1-сынып оқушылары үшін «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулығы қайта оралды. Бұл оқулықтар 1 қыркүйек күні балаларға салтанатты түрде табысталды. Алғашқы қоңырауға тек 1-сынып оқушылары қатысты.

Бұдан бөлек, Білім және ғылым министрлігінің педагогтерді жұмысқа қабылдау қағидаларына қатысты жаңа бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде тіркелді. Енді жоғары оқу орындары мен колледж түлектеріне жұмысқа қабылдану үшін дипломның болуы жеткіліксіз екенін атап өткен жөн. Олар Ұлттық біліктілік тестілеуден өтіп, одан әрі мектепте «педагог» бірінші санатын алуға міндетті.

### ШЫНЫ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Зауыт құрылысын аяқтау облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықоваға бұйырды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерейтой қарсаңында алып өндіріс орнының пеші жағылды. Кәсіпорын жылына 197,1 мың тонна, тәулігіне 600 тонна өнім шығара алады. Бұл арқылы сырттан алатын өнімге деген тәуелділік азаяды, сондай-ақ басқа мемлекеттерге деген экспорттың 30%-ын жүзеге асыруға мүмкіндік тумақ.

Зауытта әлемнің жетекші елдері АҚШ, Италия, Бельгия, Финляндия және Қытайда шығарылған заманауи үлгідегі технологиялар қолданылады. Кәсіпорында табақ шыны, энергия үнемдейтін шыны, айна, ламинатталған шыны, күйдірілген шыны өндіріледі деп күтілуде.

### 19 МИЛЛИОННАН АСТЫҚ

Биылғы жылдың басты жаңалығының бірі – халық санағы. 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында жүргізілген Ұлттық халық санағына ел тұрғындары белсенді қатысты. Онлайн сауалнамадан халықтың 42,5%-ы өтті, ал жаппай аралап шығу арқылы адамдардың 57,5%-ы санақпен қамтылды. Бұл көрсеткіш онлайн форматта санақтан өтудің орташа еуропалық көрсеткішіне жақындағанын атап өту керек.

Жалпы еліміз жалпыұлттық санаққа 2017 жылдан бері дайындалды. 1999 жылы өткізілген алғашқы жалпыұлттық санақта елімізде 14 981 28, ал 2009 жылы өткізілген екінші жалпыұлттық санақта 16 009 597 адам өмір сүріп жатқаны анықталды. Ал өткен жылға жоспарланған жалпыұлттық санаққа коронавирустың кесірі тиді. Сонымен қатар 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі аралықта жалпыұлттық халық санағын өткізуге бюджеттен 9,1 млрд теңге бөлінді. Қомақты қаржының басым бөлігі қызметкерлердің жалақысын төлеуге жұмсалды. Атап көрсетерлігі 1,1 млрд теңгеге 27 412 планшет сатып алынды. Планшеттер алдағы уақытта мемлекеттік органдарға беріледі. Үшінші жалпыұлттық халық санағы барысында 32 500 санақшы сауалнамаға қатысушыларға 84 сұрақ қойды.

Сұрақтардың арасында «Сіз қанша тірі бала тудыңыз?» деген сияқты құлаққа түрпідей тиетін сауалдар болды. Осындай қызықты сауалдармен есте қалған санақтың нәтижесінде Қазақстан халқы 19 169 550 адамға жетті. Қазақстандықтардың 48,71 пайызы – ерлер, 51,29 пайызы – әйелдер. «Қазақстан халқының орта жасы 31,94 жас» деп көрсетілген. Жалпы халықтың 33,97 пайызы – 17 жасқа дейінгі балалар, 19,72 пайызы – 14-28 жас аралығындағы жастар. Еліміздегі қазақтардың үлесі – 70,18 пайызға жеткен. Халықтың 59,05 пайызы, яғни 11 320 410 адам еңбекке жарамды.

### 2021 ЖЫЛ – «БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ» ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 22 қазанда өткен ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында замана көшіне бейімделген саналы ұрпақ тәрбиелеуде балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру және қазақстандық балалар әдебиеті өкілдеріне қолдау көрсету айтылды.

Жас жеткіншектерді әлем балалар әдебиеті шығармаларымен таныстыру тапсырмасына сәйкес, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2021 жылды «Балалар әдебиеті» жылы деп бекітті. Осы атаулы жыл аясында министрлік ауқымды іс-шараларды жүзеге асырды. Соның бірі – мемлекеттік тапсырыспен 40 кітаптың жарыққа шығуы.

Басылымдар «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» атты кіші бағдарламасы шеңберінде арнайы логотиппен және 120 мың тиражбен басылған және еліміздің барлық кітапханаларына таратылған. Басылып шыққан әдебиеттердің 34-і – отандық қаламгерлер туындысы болса, алтауы – әлем балалар әдебиетінің аудармалары. Атап айтқанда, отандық танымал авторлар Ақселеу Сейдімбек, Герольд Бельгер, Несіпбек Айтұлы, Шәкен Күмісбайұлы, Оразақын Асқар, Салықбай Әбділдәбек, Нағашыбек Қапалбекұлы, Серік Байқонов, Серік Қалиұлы, Заря Жұманова және басқа да талантты авторлардың шығармалары.

**Е.ШӘРІБЕК**

# ҮЗДІКТЕР КІМ?

THE BEST



**Ұлттық олимпиадалық комитет жылдың спорттық оқиғаларын қорытындылап, «Altyn Samǵaý – 2021» ұлттық жүлдесін табыстады.**

«Үздік спортшы» және «Үздік спортшы қыз» аталымдарында қысқы және жазғы спорт түрлерінен төрт жеңімпаз таңдалып, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері әрі әлем чемпионы Сәкен Бибосынов, каратэден Олимпиаданың және әлем чемпионатының қола жүлдегері Софья Берульцева, сондай-ақ шорт-тректен Әлем кубогі кезеңдерінің жүлдегері Денис Никиша мен фристайл-могулдан әлем чемпионатының жүлдегері Юлия Галышева жүлде иегері атанып отыр.

«Мен «Altyn Samǵaý – 2021» сайысында «Үздік спортшы» атанғаныма қуаныштымын. Алайда, біздің спортшыларды түгел жеңімпаз деп есептеймін. Соңғы екі жыл барлығымыз үшін қиын болғаны жасырын емес. Жарыстар кейінге шегеріліп, тіпті, мүлде өтпей қалды. Айлар бойы жаттығу жасаудың өзі мұң болды. Сондықтан, бүгін чемпиондар мен спортшылар бас қосқан жиынға қатысу – мен үшін үлкен абырой», – дейді Сәкен Бибосынов.

Мырзағали Айтжанов (бокстан ұлттық құраманың аға бапкері және Сәкен Бибосыновтың жеке жаттықтырушысы) пен Мәдіғали Қарсыбеков (шорт-тректен Қазақстан командасының бас бапкері) жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша «Үздік жаттықтырушы» атағына лайық деп танылды.

«Жылдың үздік командасы» атағын футзалдан Қазақстан құрамасы еншіледі. Биыл футзалшылар әлем чемпионатының жартылай финалына шығып, төртінші орынға табан тіреген болатын. «Жыл жаңалығы» аталымында «Токио – 2020» Олимпиадасының қатысушысы әрі әлем чемпионатының қола жүлдегері Нұрқанат Әжіқанов топ жарды. Ол әлем чемпионатындағы командалық сында да қола медаль жеңіп алған болатын.

Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша «Үздік спортшы» атағы пауэрлифтингтен Токиодағы паралимпиадалық ойындарының жеңімпазы Давид Дегтяровқа берілді. Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша «Үздік жаттықтырушы» атағына парадзюдодан ұлттық құрамның бас бапкері Жандос Қиянов лайық деп танылды. Оның үш шәкірті – Әнуар Сариев, Дәулет Теміржанов және Зарина Байбатина Жапониядағы жарыста үш күміс медаль жеңіп алған.

Ұлттық олимпиадалық комитеттің арнайы дәстүрлі жүлдесі – «Қазақстан спортының мақтанышы» наградасы отандық спорттың дамуына өлшеусіз үлес қосып, болашақ чемпиондарға үлгі атанған спортшылар мен қайраткерлерге табысталады. Биыл бұл жүлде грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы, 1981 жылғы әлем чемпионы, КСРО-ға еңбек сіңірген спорт шебері және Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жақсылық Үшкемпіровке берілді. Жүлдені даңқты қазақ балуанының ұлы, бүгінде әкесінің атындағы спорттық кешенді басқарып отырған Жандос Үшкемпіров алды.

Сондай-ақ Алматы – еліміздің спорт федерациялары арасында дауыс беру нәтижесі бойынша «Үздік спорт өңірі» номинациясын жеңіп алды.

Бұдан бөлек, FourFourTwo басылымы 2021 жылдың қорытындысы бойынша 50 үздік жаттықтырушының жеке тізімін ұсынған болатын. Мұнда бірінші орын «Манчестер Ситидің» бапкері Хосеп Гвардиолаға бұйырды. Биыл ол командасымен Ағылшын Премьер-лигасы мен Ағылшын лигасының кубогында топ жарды. Чемпиондар лигасының финалында ойнады. Екінші орынды «Челсидің» бас бапкері Томас Тухель иеленді. Оның жетекшілігімен лондондықтар Чемпиондар лигасы мен Уефа суперкубогын жеңді. Үздік үштікке «Ливерпульді» тізгіндейтін Юрген Клопп кірді.

# «ҚАЙСАРДАҒЫ» ӨЗГЕРІС



**Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының келісімімен Жұмахметов Жағыппар Насрадинұлы «Қайсар» футбол клубының директоры қызметіне тағайындалды. Сонымен қатар осы аптада тағы бір кадрлық өзгеріс орын алды. Енді «Қайсар» командасын Сұлтан Әбілдаев жаттықтырады.**

Жаңадан тағайындалған бас бапкер «Қайсарды» Бірінші лигадан Премьер-лигаға 4 рет шығарған. 3 рет бас бапкердің көмекшісі ретінде болса, соңғы рет 2016 жылы біліктілігі арқасында қызылордалық команда ойыншыларына Премьер-лигада доп тебуге мүмкіндік сыйлады. Жоғары кәсіби білімді маман. Премьер-Лига талабына сәйкес PRO-дәрежесі бар.

«Команданың 90 пайызы өзгерді. Қазір жергілікті футболшыларға артылатын үміт көп. Алдағы мақсат – Премьер-лигаға өту»,– деді облыстық футбол федерациясының вице-президенті Болат Көшербаев.

Ал бас бапкер Сұлтан Әбілдаев «Маған сенім білдіргеніне алғыс айтамын. Алдағы жоспарымыз белгілі. Жаңа маусымда Бірінші лигадан алдыңғы қатардан көрініп, Премьер-лигаға жолдаманы алу. Қазіргі кезде оқу жаттығу жиындары жергілікті базамызда өтуде. Екінші жаттығу қаңтар айында Шымкент қаласында жалғасады. Негізгі құрам содан кейін анықталатын болады», – деді «Қайсар» ФК бас бапкері Сұлтан Тоқатайұлы.

# МӨЛДІР – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ



**Алматы қаласында WKF каратэден өткен Азия чемпионатында облыс намысын Мөлдір Жаңбырбай қорғады.**

Мөлдір Жаңбырбай чемпионаттағы алғашқы қарсыласы Тайвань елінің қызын 2:0 есебімен жеңсе, екінші жекпе-жегінде Тайланд елінің каратэшісін 9:2 есебімен және 3 жекпе-жегінде Иран елінің қызын 7:5 есебімен жеңіп, ақтық сайысқа шықты.

«Өз жерімізде өткен Азия чемпионатында алтын алу үшін бар күшімді салдым. Әлем біріншілігі мен Олимпиададағы қателігімді қайталамауға тырыстым. Оның үстіне бізге қарап қаншама жастар бой түзейді. Солар үшін де намысқа тырыстым. Финалда кездескен каратэшіден Португалиядағы турнирде жеңілген едім. Осы жолы есе қайтарудың реті келді. Бапкерлерім мен жанкүйерлердің үмітін ақтап, көк байрағымызды көтергенім үшін қуаныштымын», – дейді Мөлдір.

# СУ СПОРТЫНДАҒЫ СЕРПІЛІС



**Алғашқы ескекті қайықпен жарыс 1300 жылы Италияның Венеция қаласы тұрғындары арасында өткен деген дерек бар. Ал Англия мемлекетінде 1715 жылдан бастап елдің ең үздік «Қайық айдаушысы» жарысы күні бүгінге дейін өткізіліп тұрады. Есу спортының отауын тіккен мерзімі 1715 жылдан басталған, міне осы уақыттан бастап академиялық есу қайығы және байдарка қайығы арқылы спорт жарыстарын өткізу кәсіби спортқа айнала бастады. Елімізде оның ойып тұрып алар орны бар. Қалада жаңа байдарка және каноэ есу базасының жұмысын бастауы да бұл спорт түріне қызығушылар санын еселей түсті. Жақында оған жол түсіп, жұмысымен танысқан едік.**

Бапкер, аға жаттықтырушы Мухитдин Мейірбеков байдарка және каноэ есу бойынша жастарды даярлау ісіне қатысты негізгі ерекшеліктерді айтып өтті. Базада спортшыларға арналған жаттығу залы, монша, медициналық көмек көрсету пункті және асхана бар. Сондай-ақ қайық сақтау қоймасы мен жазғы оқу-жаттығу процесін жүргізетін су аумағы орналасқан. 80 баланың спортпен шұғылдануына жағдай жасалған. Ал жаңа нысан арқылы 15 маман жұмыс көзін тауыпты.

Гүлжайна Тыныбекова каноэмен 8 жылдан бері айналысады. Ауыз толтырып айтарлық жетістіктері бар. Азия чемпионы, әлемдік додада үздік бестікке кірген ел біріншілігінің бірнеше мәрте жеңімпазы. Осынау жеңістерге арнайы базада емес, ашық аспан астында, 80 жылғы Мәскеу Олимпиадасынан қалған ескі қайықтармен жаттығып жүріп қол жеткізген көрінеді.

– Біз шыдамдымыз. Күннің аптабы мен қытымыр қыста да жаттығуды ашық аспан астында үзбейтінбіз. Ташкентке оқу-жаттығу жиындарын өткізіп, жарыстарға соңғы дайындықтарды пысықтап жүрдік. Каноэ – денеге қан жүгіртіп, ерекше жігер сыйлайтын спорт түрі. Аталған спортпен шұғылданғаныма өкінбеймін. Түрлі халықаралық жарыстарға қатысып, ысылдық. Біздің өңірде үлкен база пайдалануға беріліп, үлкен спортқа оң қадам жасап жатқанына қуаныштымын, – дейді Гүлжайна.

Ескекшілер 8 жыл күткен жаңа кешенде жаттығу құралдарымен қатар су жаңа 20 қайық бар. Толықтай қажеттілікті өтеу үшін әлі де 30 қайық керек. Қазір каноэшілер құрлықтық, әлемдік додаларда топ жарып жүргенімен байдаркашылардың бағы жана қоймаған. Өйткені ескек есудің бұл түріне баулитын жаттықтырушы жоқ. Оған қоса Сырдария деңгейінің төмендеуі де су спорты мамандарын алаңдатып отыр. Бұл ретте ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мұхитдин Мейірбеков «Су тапшылығы барлық жерде өзекті мәселе. Біздің кешен маңындағы көлдің жағалауы да тартылып кетті. Көктемге таяу жағдай оңалады деп үміттеніп отырмыз. Оған дейін жағалауды тазалап, тереңдетіп қазуға облыс басшылығына ұсыныс білдірдік. Бұл мәселе де көп ұзамай шешімін табады» деген пікір айтты.

Облыста ескек есудің каноэ және байдарка түрлерін дамыту 2013 жылы ғана қолға алынған. Оның өзінде облыс орталығындағы спорт мектептерінің бірінің жанынан бөлімше ретінде ашылыпты. Бүгінге дейін ескі-құсқы қайықтармен қарекет қылса да, олардың ішінен жастар арасындағы Олимпиада чемпионы, әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, Азия чемпиондары шықты. Алтынбек Қожахмет те Франция Олимпиадасына жолдама жеңіп алуды мақсат етіпті.

– 2019 жылдан бері Қазақстанның ұлттық құрамасына кіріп, 2020 жылы Олимпиадаға лицензия алуға Азия біріншілігіне барып қатыстым. Әлі жас болғаннан кейін шамалы тәжірибе жетпей қалды. Карантин болды. Бір жарым жыл жарыс болмай қалды. Сондықтан өте ауыр болды. Енді алдағы уақытта қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз. Үміт барлық кезде бар ғой. Жақсы жаттығу жасасақ жоғары жетістектерге жетеміз, – дейді халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Биыл ел біріншіліктерінде 90 медаль жеңіп алған қызылордалық ескекшілер келесі жылы жазғы Азия ойындарында олжа салуға ниетті.

# ГОЛОВКИННІҢ ЖЕКПЕ-ЖЕГІНІҢ УАҚЫТЫ ӨЗГЕРДІ



**IBF және IBO нұсқалары бойынша әлем чемпионы Геннадий Головкин (41-1-1, 36 КО) мен жапониялық «суперчемпион» Риота Мурата (16-2, 13 КО) арасындағы жекпе-жек алдын ала мәлімденген уақыттан ерте өтуі мүмкін. Бұл туралы ESPN инсайдері Майк Коппинджер мәлімдеді.**

«Дереккөздерге сүйенсек, Мурата мен Головкиннің кездесуі ақпан айында өтеді. Егер GGG жеңеді деп топшыласақ, бұрынғы рейтингін қайтару үшін келері жыл тағы екі жекпе-жек өткізуі керек», – деп жазды Коппинджер.

Айта кетейік, Головкиннің «суперчемпионға» қарсы кездесуі Токиода 29 желтоқсанда өтуі керек болған. Алайда карантин шараларына байланысты Жапония билігі ел аумағына кіруге тыйым салды. Кей дереккөздер бұл жекпе-жектің наурыз не сәуір айында өтуі ықтимал екенін айтады.

**Бетті дайындаған: Ерасыл ШӘРІБЕК**

# Барыс жылынан 2022 не күтесіз?



**ТЫШҚАН**

Бұл – бұрыннан қол жеткізе алмай жүрген арман-мақсатты жүзеге асыруға таптырмас жыл. Алайда, алаңғасарлыққа жол бермей, өз жоспарыңызды мұқият ойластырыңыз. Бұл жылы дүниеге келгеннің көбісі білектің күшімен емес, ақылмен жасайтын жұмыстан көбірек табыс табады. Жылдың орта тұсында кей өзінің ұйымдастырушылық қабілетін бар қырынан ашып көрсетеді.

**Отбасы мен махаббат**

Сіз жақын адамдардың жанында боласыз. Олардың пікіріне құлақ асып, шешіміне түсіністікпен қараңыз. Олар сіздің сеніміңізді міндетті түрде ақтайтын болады. Жұбайыңыздан жыл соңында керемет сыйлық күтіңіз.

**Мансап пен қаржы**

Қаржылық тұрғыда аса қинала қоймайсыз. Тек жыл басында аздап таршылық көруіңіз мүмкін. Тек байбалам салып, қарызға батып кетпесеңіз, бұл қиындықтан жылдам құтыла аласыз.



**СИЫР**

Шығармашылық қырыңыз ісіңіздің алға өрлеуіне көмектеседі. Барыс жылы – жұмыс ауыстырудың, материалдық ахуалыңызды көтерудің ең оңтайлы уақыты. Жалпы, бір шешім шығару үшін мың толғанып, нақты мақсат қойсаңыз, тау қопаруға қайратыңыз жетеді.

**Отбасы мен махаббат**

Отбасылы жандарды тағы бір «бал айы» күтіп тұр. Сол секілді бала күтіп жүргендердің арманы орындалмақ. Ал бойдақ жандар өз теңін табуға жақсы мүмкіндік бар. Тек үйде отыра бермей, жиі қыдырып тұрыңыз. Жыл бақытты сәттерге толы болмақ.

**Мансап пен қаражат**

Нақты қойылған мақсат биікке шығарады. «Міндеттелген» жұмыстар мен «осылай істелуі керек» деген тапсырмадан жақсылық күтпеңіз. Көп жұмысты атқаруға өзіңіздің қабілетіңіз де жетіп жатыр. Сізді іс-сапарлар мен үйден тыс жатқан жобалар күтіп тұр. Алғашқы жарты жылдықта қаржылық жағынан тұрақсыздық болады. Абыржымаңыз, шілде айнына бастап, бәрі реттеледі.



**БАРЫС**

Жыл иесі еңбексүйгіш жандарға құшағын ашпақ. Осы қасиетіңіз арқылы қолдаушылар да жеткілікті болады. Бұл жылы сіздерге өткір ақыл, аңғарымпаздық сияқты қабілеттер қажет. Сонымен қатар, айналаңыздағылар сіздің ақылыңызға көп жүгініп, жол сұрамақ.

**Отбасы мен махаббат**

Кітапхана, театр, көрме секілді орындарға жиі барғаныңыз жақсы. Сіздің жүрегіңіздің иесі сонда жүрген де болар. Ал 35 жастан асқан отбасылыларда ешқандай мәселе жоқ. Олардың үйінде бақыт құсы жыл бойы қонақтайды. Ал 35-ке дейінгілер өздерінің эмоцияларын басқара алмауының кесірінен сүйіктілерін жиі ренжітіп алуы мүмкін. Өз-өзіңізді ұстап, бақыттың бетін қайтара бермеңіз.

**Мансап пен қаражат**

Артық проблемаға жолықпас үшін құмар ойындар мен күдік тудыратын жобадан аулақ болыңыз. Өзіңіздің аңғалдығыңызды біле тұра, елдің бәріне сене бермеңіз. Сенгіштігіңіздің кесірінен алаяқтарға тап болуыңыз әбден мүмкін.



**ҚОЯН**

2022 жыл позитив сыйлайды. Алайда, көздеген мақсатқа жету үшін барынша еңбектену керек. Оның жемісін жыл соңында көретін боласыз. Кейбір жандар өз кәсібін ауыстырса, бірі қаланы, бірі имиджін өзгертеді. Өз ақылыңызға ғана арқа сүйеп, тани қоймаған адамыңызбен байланыс орнатудан аулақ болыңыз. Бастысы таусылмас күш пен қажырлы қайрат қана сіздің екі қанатыңыз болып, алға жетелейді.

**Отбасы мен махаббат**

2022 жыл отбасы құруға ыңғайлы болмақ. Ал отбасылы жанның бірі бақыттың бесігінде тербелсе, кейбірі нағыз ғажайып өмірге тап болады.

**Мансап пен қаражат**

Барыс жылы әртүрлі жағдаяттың арасынан баланс іздеуді талап етеді. Жұмысқа кіріп кетпей, отбасыға көңіл бөліп отыру керек. Айналаңызда сенімді адамдар болса, қызметте жетістіктер күтіп тұр. Басшылық еңбекқор жандарды бағалайды. Жұмыс іздеп жүргенге жақсы қызметке орналасу мүмкіндігі бар.



**ҰЛУ**

Айналаңызда болып жатқан оқиғалар сізге әсер етеді. Сондықтан байсалды болып, эмоцияға берік қарап, оптимизммен достасып алыңыз. Көптеген жандар бұл жылы жаңа қызметке ие болып, қаржылық мәселеңізді реттеп, ескі арманыңызды жүзеге асырасыз. Қай салада болмасын өзіңіздің потенциалды көрсетсеңіз, абырой-атақ пен жақсы жалақы күтіп тұр.

**Отбасы мен махаббат**

Бойдақ жандарда жаңа таныстық міндетті түрде болады. Сол үшін қазірден бастап, сыртқы имиджге назар аудара беріңіз. Отбасылы жандарға Барыс жылы сезім толы тостаған ұсынды. Тек уысыңыздан шығарып алмаңыз.

**Мансап пен қаражат**

Алға ұмтылушылығыңыз бен еңбексүйгіштігіңіз қаржылық жағдайды тұрақты етеді. Көп табыс жаңа заттарды алуға деген қызығушылығыңызды тым оятып жіберу мүмкін. Үнемдеуді үйреніп, инвестициялық жобаға иек артуыңыз керек. Құмар ойыннан сақтаныңыз. 2022 жылы жіберген кішкентай кемшілігіңіз сізді үлкен қаржылық қиындықтың аузында қалдырады.



**ЖЫЛАН**

Өмірді өзгертуге көптеген мүмкіндіктер беріледі, бірақ оны пайдалану өз қолыңызда. Жұлдыздар мансабыңыздан бөлек, сыртқы келбетіңізге де көңіл бөлуге кеңес береді. 2022 жылы ақылға жүгінген жұмыстарда сіздің фантастикалық идеяны іске асыруға көмегі болады. Көбі ғылым, бизнес пен саясатта жоғары жетістікке жетеді. Бұл жыл болашақты жоспарлаудың тиімді жолын ұсынады.

**Отбасы мен махаббат**

Мықты дамыған интуицияңыз сізге қажет адамды дәл тауып береді. Отбасылы жандар үшін 2022 жылдың басты проблемасы қызғаныш болуы мүмкін. Сол сияқты бала тәрбиесінде де қиындықтар кездеседі.

**Мансап пен қаражат**

2022 жылы қаржы, ғылым, IT-технологияда қызмет ететіндердің жұлдызы жанады. Сол сияқты жерге, ауыл шаруашылығына қатысты кәсіп табысты болмақ. Ал қаржылық тұрақтылығыңыз бұл күнге дейінгі табысыңызға тікелей байланысты. Жарты жылдықта табыстың көлемі ұлғаймағанмен, жаз мезгілінен бастап, қалтаңыз қалыңдай түспек.



**ЖЫЛҚЫ**

2022 жылы жұмысқа қабілеттілік, белсенділік, алға ұмтылушылық пен жауапкершілік аса қажет болады. Уақытыңызды босқа өткізбей, пайдалы істерге жұмсасаңыз жыл соңында жақсы жетістік күтіп тұр. Бұл жылда жаныңызды ауыртатын шешімдер шығаруға тура келетін сәттер болады. Екінші жарты жылдықта өміріңізді түбегейлі өзгертетін, жоспарыңызда болмаған жағдаяттар тууы ықтимал. Басты ұраныңыз «биыл не ексем, келесі жылы соны орамын» болсын.

**Отбасы мен махаббат**

Барыс жартысын іздеген жандарға «сыйлық» дайындады. Егер қарым-қатынасыңызда шиеленіс болып, кетудің ыңғайын таппай жүрсеңіз, ойланбаңыз. Бұл жағдайды жеңіл өткізетіңізге уәде береміз (мұндай қадамды он ойланып барып жасаңыз). Тек жұмысқа берілген отбасында ұрыстың ұшы шығуы мүмкін. Сол үшін жақын жандарыңызға көбірек уақыт бөліңіз.

**Мансап пен қаражат**

Бұл жылы жұмысыңыз жетерлік болады. Оның өтемақысы да жақсы екеніне күмән жоқ. 2022 жыл сіздің есіңізде өте сәтті уақыттың белгісі ретінде қалады. Қызметіңіз өсу де мүмкін. Басқа да жүктелген жұмыстардан қашпаңыз. Кәсіпкерлікті көздеп жүргендерге – жасыл түс. Еш қорықпай өз қабілетіңізді бизнесте сынаңыз. Еңбегіңізге қарай, жеңісіңіз көп болады.



**ҚОЙ**

2022 жыл жақсы жаңалықтар әкелмек. Бірақ, ол үшін барынша күш-жігеріңізді жұмсауыңыз керек. Жауапкершілікті бойыңызға дарыта білсеңіз, жұмыста да, жеке өміріңізде де ісіңіз алға өрлейді.

**Отбасы мен махаббат**

Айналаңызда көз салып жүрген адамдар көп. Ол жалғызбастылар үшін таңдауда қиындық туғызса, отбасылы жандардың қарым-қатынасына кері әсер етеді. Қызғанышқа жол бермеңіз. Өмірлік серігіңізбен бірге жасалған қадам жанұялық іргеңіздің бекуіне ықпал етпек. Бойдақ жандар таңдауда көп бас ауыртып, нақты шешім шығара алмай қамығуы мүмкін. Жүрегіңізді тыңдаңыз, асықпаңыз. Шалыс қадам шырқыңызды бұзады.

**Мансап пен қаражат**

2022 жылы қаржылық тапшылық көрмейсіз. Аспа-төк байлыққа кенелмесе де, үнемдеп жүрудің қажеті болмайды. Ол үшін әрине қажырлы жұмыс істей білу керек. Кез келген сәтсіздіктен тоқтап қалатындардың күні қараң. Бастаған ісіңізді міндетті түрде соңына дейін жеткізіңіз. Табыс сіздің табандылығыңызда жатыр. Айналаңыздағыларға аса сақтықпен қараңыз. Сіздің еңбегіңіздің арқасында пайда көргісі келетіндер шығуы мүмкін.



**МЕШІН**

2022 жылы шығармашылық пен махаббат тұрғысынан сәтті болмақ. Әртүрлі оқиғалардың ағылып келуі сізден сақтықты талап етпек. Егер ойлағаныңыз болмай жатса, салыңыз суға кетпесін. Өзіңізге аз-кем уақыт беріп, екінші рет қайталап көріңіз. Күйгелек мінезіңізді өзгертуге тура келеді. 2022 жыл шығармашылық жандарды өрге сүйрейді.

**Отбасы мен махаббат**

Өз жұбыңызды табуға арналған жыл болғалы тұр. Сіздіңназды қылығыңыз махаббат әлемінде өз көмегін тигізеді. Алайда, ондай жанды ойын-сауық орнынан іздемеу керек. Жұлдыздар бұл жылы ондай орындардан біршама аулақ жүруге кеңес береді.

**Мансап пен қаражат**

2022 жылы белсенділік пен ынта сізді биікке шығарады. Табысқа кенелтетін жаңа жұмыс орны күтіп тұр. Жаңа қызметке бірден кірісіп, әріптесіңізбен тез тіл табысатыныңызға ешкім күмән келтірмейді. Кірістің көп болуы қаржыны оңды-солды жұмсауға итермелеуі мүмкін. Қаржылық жоспар құрып, шығындарға аса мән берген дұрыс.



**ТАУЫҚ**

2022 жыл тамаша жетістіктер мен мол табысқа жеткізеді. Әйткенмен, оған жету жолы маңдай терді талап етуі мүмкін. Байсалды болыңыз. Жыл басы аса қиын соғады. Жүктелген міндеттің көптігінен мезі боласыз. Одан қорқудың қажеті жоқ. Көктем басталa сала өміріңізді реттеп, қалаған жұмысыңызбен айналысуға мүмкіндік туып тұр. Капитал салымын көп талап ететін жобаларға жүгірмеуге тырысыңыз.

**Отбасы мен махаббат**

Отбасы бақытын сақтау үшін қызғаныш пен орынсыз талаптардан аулақ болыңыз. Жақын жандарға ашық әрі шынайы болыңыз. Бұл серігіңізге моральдық қолдау береді. Сол секілді жұлдыздар 2022 жылы шаңырақ көтергендердің некесі берік болатынына уәде береді.

**Мансап пен қаражат**

Қызметте өзін көрсете алғандарды жақсы табыс күтіп тұр. Тек өзіңіздің еңбекқорлығыңызды бар қырынан ашып көрсету керек. Жұмысыңыз кіріс әкелмей жатса, басқа кәсіппен айналысып көріңіз. Үмітіңіз міндетті түрде ақталмақ.



**ИТ**

Сиыр жылында басталған ісіңізді Барыс жылында ешқандай проблемасыз жалғастыра бересіз. Тұрақтылыққа үйренген жандар өмір сүру ырғағын аздап өзгертуіне тура келеді. Жұмыста не отбасыда кикілжіңдер туындап жатса, ақылыңыз бен шыдамдылығыңызға сенім артыңыз.

**Отбасы мен махаббат**

Перзент сүюді ойлап жүргендердің арманы жүзеге асады. Барыс жылында туған бала интеллекті жоғары, жігерлі, интуициясы дамыған болады дейді. Ал жалғызбастылар саяхатта өз серігін кездестіреді деген болжам жасайды.

**Мансап пен қаражат**

2022 жылы сіздің қалтаңыз қалыңдайтын жыл. Тек жұмыстағы белсенділігіңіз төмендемесін. Бұрыннан армандап жүрген көлік пен баспаналы боласыз. Жұмыс ауыстыруды көздеп жүргендерге жаңа жол ашылады. Жұлдыздар қызметіңізде жаңа жетістіктер күтіп тұр.



**ДОҢЫЗ**

Доңыз жылы туғандардың айы оңынан тумақ. Оған таң қалудың еш қажеті жоқ. Сіздің сарқылмайтын оптимизміңіз, жеңіл әзілдеріңіз бен еңсеңіздің ешқашан түспейтіндігі бұл жылы көп кедергілерге төтеп беруге жәрдемдеспек.

**Отбасы мен махаббат**

Сіз отбасыныздағы тұрақтылықты жоғары қоясыз. Жақын жандарыңызға көңіл бөліп, сезім беріктігін сақтай түсіңіз. Сонымен қатар, үй айналасын жасыл белбеуге айналдыруға ықыласыңыз ауады. Бала сүйе алмай жүргендер армандарына жетпек. Ал бойдақ жандар жанына қажет адамды іздеуге аса жауапкершілікпен қарасын. Иммиджін өзгертіп, спортзалға жазылудың пайдасы тимек.

**Мансап пен қаражат**

2022 – сіздің жылыңыз. Күш сала білсеңіз, әріптестеріңіз бен достарыңыздың арасында абыройыңыз артып, қызметте өсу баспалдақтары күтіп тұр. Сіздің болашағыңыз осы жылы жасалған жұмыстарға тікелей байланысты. Хоббиіңіз жақсы кіріспен қамтамасыз етуі ықтимал.

---

Ескінің есігін жауып, жаңа жолға бастайтын жаңа жыл мерекесі – ерекше эмоцияларды сезіндіретін, өткенге өкпелемей, болашақты қарсы алу маусымы. 2021 жылдың аяқталуына да аз ғана уақыт қалды. Ендеше, келер жылға дейін әр адам жасап үлгеруі тиіс дүниелердің тізімін ұсынамыз.

Алдымен «Ескі-құсқы кәкір-шүкір, миымда шашылып жатыр» деген ән сөзіне мән берсек, ескіні, қоқысты тастау тіршілік иесі үшін тәнді, сәйкесінше, жанды тазартудың бастамасы болмақ. Яғни қажетсіз зат деген тек ескі киім-кешекті, тұрмыстық аспаптарды меңземейді. Пайдасыз кітаптарды оқу, әлеуметтік желіде бейтаныс жанның өмірін бақылау, маңызы жоқ адамдармен бірге уақыт өткізу, жадыны қажетсіз ақпараттармен толтыру – осының мысалы. Уайым әкелетін, қаламайтын іспен айналысуды доғарыңыз. Кимейтін киім-кешек, пайдаланбайтын заттарыңызды өзгеге сыйлаңыз немесе қоқысқа тастаңыз. Электронды поштаңыз бен ұялы телефоныңызды тазартуды да ұмытпаған жөн. Тазалық үйде ғана емес смартфонда да жүргізілуі керек.

Жыл бойы жасаған әрекеттерін қайта айналдырып, есіне түсіру арқылы кеткен қателіктер үшін кешірім сұрау мен дәл қазіргі сәт үшін алғыс айту – жаңа жылға дейін жасауға тиіс маңызды пункт. Күйбең тірліктің қарбаласынан сөзбен, іспен біреуді ренжітіп алу жиі кезігетін жайт.

## ЖАҢА ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЖАСАУ КЕРЕК 7 ІС

Тізімді жалғастыратын келесі іс – дәрігерге қаралу, толық тексеріліп шығу. Әрине, адам денсаулығы алғашқы орында тұруы тиіс. Дегенмен жұмысты, бала-шағасын, басқаны сылтауратып кері қайтарылмайтын құндылыққа немқұрайлы қарайтын жандар аз емес. Сондықтан жаныңыз бен тәніңіздің жағдайын бақылауға алуға асығыңыз.

Өзгенің дүниесін өзіне қайтару жыл соңында бар мен жоқты түгендеп, қорытындылау үшін қажет. Танысыңыздан уақытша бір затын сұраған боларсыз? Бәлкім, қарызға ақша алдыңыз? Бірнеше күн ішінде үлгеріп, бәрін қайтарған жөн. Осы жылдың жауапкершілігін келер жылға қалдырмаңыз.

Тізімді жаңа жылдық атмосфераны жасау, сезіну міндеті жалғастырады. Жағымды мерекелік ауранı сезіну үшін қыруар қаржыға безендіргіш заттар сатып алу, себепсіз шашылудың керегі жоқ. Шыршаны қиялыңызға сай сәндеп шығу немесе жаңажылдық киімдер алу, сыйлық сыйлау да жеткілікті. Ойын ойнап, құттықтау хаттарын жазу да қарапайым көрінгенімен, «мерекелік» көңіл-күйдің алғышарты іспетті.

Мерекеге дейін 2021 жылға қорытынды жасап, қорқынышыңыз бен қателігіңіз, жетістігіңіз бен іске асқан жоспарларыңызды таразыға салыңыз. Бір жыл ішінде өзіңізді қаншалықты тани түстіңіз, қалай өзгердіңіз? Мұның бәрі – болашаққа қадам жасауға көмектесетін, маңызды сұрақтар.

365 күнге жоспар құру өз өміріңізді жасаудың шарты десек қателеспейміз. Жеке қалып, арнайы уақыт бөліп, 2022 жылға жаңа жоспар құрыңыз. Қандай өмірді қалайсыз? Не істегіңіз келеді? Үлкен арманның кішкентай қадамдарына дейін нақтылап жазыңыз. Кейіннен жыл бойы іске асқан мақсаттарды белгілеп отыру да жақсы әдет. Себебі адам миы аяқталған істен, жүзеге асқан идеядан шабыт алады.

**Дина БӨКЕБАЙ**







**Кезекші редактор: Мөлдір САБЫРЖАН**

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР**
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 8517**
**Тапсырыс: 1901**